

Біліміден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

Абай



ҚҰРЫШ ҚАЛА KZ

khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 1 мамыр жұма 2015 жыл № 17 (19)

Тілі басқа, тілегі бір — біргеміз!
Өздеріңмен жүздесеміз күнде біз.
Мақсат ортақ, бейбітшілік ұран боп,
Татулықтан бұзылмасын іргеміз!





Құттықтау

Қымбатты теміртаулықтар!
Қазақстан халқы бірлігі күнімен шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыздар. Қазақстан халқы бірлігі күні – бұл мемлекеттік мерекелердің ішіндегі ең бір шуақтысы да шұғылалысы болып саналады. Өйткені біз түрі басқа болса да тілегі бір, сан ұлт пен ұлыстардың басын бір шаңырақ астына біріктірген, бір Отанда өмір сүреміз.

Тәуелсіздік алған жылдардан соң өмірге келген Қазақстан халқы Ассамблеясы барлық ұлттар мен ұлыстардың мәдениетіне, тарихына, дәстүрі мен салтына құрметпен қарап, олардың дамуына мүмкіндік беріп келеді. Тәуелсіз Қазақстанның барлық жетістіктері ұлтына, нәсіліне және діни наным-сеніміне қарамастан бір жеңнен қол, бір жагадан бас шығарып, келісіммен, тату-тәтті ғұмыр кешіп келе жатқан қазақстандықтардың достығының нәтижесі.

Қымбатты жерлестер! Біздің Қазақстан халқы бірлігі күнімен шынайы құттықтауымызды қабыл алыңыздар. Сіздер мен жақын-жуықтарыңызға бірлік пен береке, табыс пен сәттілік жар болсын! Біздің туған жеріміз, ортақ Отанымыз – Қазақстан қарыштап дамып, гүлдене берсін!

Қала әкімі
Мәслихат хатшысы

Н.СҰЛТАНОВ
В.СВИРИДОВ



Форум

Сайлаудың алдын ала қорытындысы шығарылған соң теміртаулықтар Нұрсұлтан Назарбаевтың жеңісіне арнап үлкен форум өткізді. Қаламыздағы «Мұз айдыны» сарайына жиналған жұртта сан-есеп жоқ, баршасының жүздері жарқын, қолдарында еліміздің көк байрағы желбірейді. Ал оқу ордалары мен басқа да бірқатар мемлекеттік мекемелер ұжымдары бір-бірін құттықтап, ақ тілектерін, Елбасыға деген жүрекжарды лебіздерін жеткізуде.

Бір ел, бір тағдыр, бір Елбасы



Мұз айдынындағы күмбірлеген өуен және жиналғандардың «Біз Назарбаевты қолдаймыз», «Алға, Қазақстан!», «Бір ел, бір тағдыр, бір Елбасы!» деп жар салған дауыстары жиі-жиі шығып жатыр.

– Бүгін сайлаудың алдын ала қорытындысы шығарылды, біздің кандидатымыз Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылғы Президент сайлауында жеңіске жетті. Бұл арқылы біз бүкіл әлемге өзіміздің біртұтастығымызды паш еттік, – деген жүргізушінің сөзінен соң мұз үстіне аяқтарына коньки байлаған жастар легі көк байрақпен шықты.

– Біз Президентіміздің туған қаламызда саяси көзқарасы қалыптасып, құрыштай шынығып шыққанын әрдайым мақтан етеміз. Күні кеше ғана теміртаулықтар тұтастығын, бірлігін көрсетіп, Нұрсұлтан Назарбаевты таңдады. Мықты Елбасы бар Қазақстан мықты мемлекет, бұдан былай да солай бола бермек, – деді қала әкімі.

Жарты сағатқа созылған форумда түрлі ұлт өкілдерінің

киім үлгілерін киген спортшылар мұз айдынында би билеп, шырқобелек айналды. Ал жұртшылық жоғарыда аталған сөздерді бірдей қайталап, сарай ішін жаңғыртты.

Форумда қалалық мәслихат хатшысы В. Свиридов, ардагерлер кеңесінің төрайымы Н.Вахитова, қалалық тарихи-өлкетану мұражайының директоры Н.Скорикова, Н.Назарбаевты қолдау қоғамдық штабының төрағасы Қ.Омашев жүрекжарды лебіздерін білдіріп, теміртаулықтарға алғыстарын айтты.

– Нұрсұлтан Назарбаев алдына асқақ армандар мен асыл мұраттар қоя білетін және оған жету жолдарын көрегендікпен атап көрсететін басшы. Мен жақында ғана Астанада өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII съезіне қарағандылықтар

құрамында барып қайттым. Бойымдағы күш-жігерімді жиып, Елбасыға сегіз миллион қазақстандық нәзік жандылар атынан сүйіспеншілік сезімімді жеткіздім. Бұл сөзімнің рас екендігін сайлау қорытындысы дәлелдеп отыр, – дейді Наталья Скорикова.

– Дана халқымыз «Бірлік болмай – тірлік болмайды» деп бекер айтпаған ғой, біз бұл сайлауда Қазақстанды мекендейтін ұлттар мен ұлыстардың бірлігін, яғни елдің тұтастығын көрсеттік. Елбасы біздің буынның өкілі, үзеңгілес достармыз. Сондықтан мен қалалық қоғамдық штабты басқарып, өз кандидатымызға үгіттедік. Бір таңқалғаным, бұл сайлауда ел-жұрт белсенділік танытып, әрбір тұрғын өз дауысының маңызды екенін түсінді, ең бастысы түгелге жуығы дерлік Н.Назарбаевтың кандидатурасын қолдап дауыс берді, – дейді қаланың құрметті азаматы, Елбасының досы Қуаныш Омашев.

Осылайша Мұз айдынындағы форум өз мәресіне жетті.

Шыншылдық пен

белсенділік жағдайында




Сауалнама

26 сәуір күні елімізді болып өткен ҚР Президентін сайлау кезінде Қазақстан Азаматтық альянсының тапсырмасымен барлық аймақтарда жалпы ұлттық сауалнама жүргізілді. Бұл істі қолға алған демократия институты директоры Ю.Кучинская зерттеуге он төрт облыс пен Алматы және Астана қаласының қамтылғанын атап өтті.

Сауалнама таңғы сағат жетіден кешкі сегізге дейін 550 сайлау учаскесінде жүргізілді, оның 312-сі қалалық, ал 238-і ауылдық жерлерде орналасқан еді. Шараны өткізуге 1500 адам қатысты. Сауал жүргізудің әдістемесі бұған дейін де шетелде және Қазақстанда қолданылып, сенімді әрі толық мәліметтер алынған болатын. Осы шара нәтижесінде Нұрсұлтан Назарбаев 97,5 пайыз дауыс алды. Бұл ұлт көшбасшысының нағыз бүкілхалықтық тамаша жеңісі болды. Халықаралық және Қазақстан сарапшылары көрсеткендей, еліміздің тарихында тұңғыш рет сайлаушылардың дауыс беруге қатысуы рекордтық көрсеткішке жетті. Сарапшылар бұл цифрлардың сайлау үрдісіндегі әлемдік тарихына енетінін айтып отыр. Бақылаушылар басқа елдерде болып жүрген сайлауларда бұндай деңгейдің ешқашан болмағанын айтуда.

Бүгінгі таңда қазақстандықтардың сайлауға қатысуы ерекше белсенді болғанын айтудан ешбір жалыққан емеспіз. Өйткені сайлау учаскелерінде таңнан бастап үлкен де, кіші де кезекте тұрды, тіпті тұтас отбасылары, еңбек ұжымдары болып келгендер де бар. Сайлау учаскелері ашылмастан бұрын-ақ кезек белгілеу үрдісі орын алды. Бұл нені көрсетеді? Бұл жағдай сайлаушылардың ерекше белсенділігі туралы қайталап айтуға мәжбүрлейді. Бүкіл ел аумағында жалпы халықтық мереке ахуалы қалыптасты. Сайлау науқанының қалай жүріп жатқанын он мыңнан аса отандық және мыңнан аса шетелдік бақылаушылар қарап отырды. Бәрі де бірауыздан бұл жолғы сайлау нағыз адал, ашық, мөлдір әрі белсенді сайлау болды деп ұйғаруда. Шетелдік бақылаушылар Қазақстандағы сайлау халықаралық стандарттардың талаптарына сай өткенін жарыса айтуда. Әсіресе жастар белсенділік көрсете білді. Бұл қазақстандық патриотизмнің, саяси жетілгендіктің, жоғары мәдениеттіліктің, ауызбіршілік пен татулықтың, жоғары азаматтық ұстанымның белгісі. Сайлау барысын ақпараттық қолдау да жоғары деңгейде болды. Таңертеңнен кешке дейін барлық бұқаралық ақпарат құралдары сайлау тақырыбын бір сәт те назардан тыс қалдырған жоқ. 37 елден келген 200-ден аса шетелдік журанлистер Қазақстан Президенті сайлауын жарыса жазды.



Біркісідей!

Өткен жексенбі күні теміртаулықтар еліміздің барлық өңіріндегі сайлаушылар секілді өз таңдауларын жасап, ел Президентін сайлады. Бұл сайлауға қатысу арқылы Қазақстан азаматтары өздерінің, елдің тағдырын анықтауға атсалысты. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының Президентін сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылатыны мәлім. Сондықтан бұл саяси науқанның жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өтуіне қалалық сайлау учаскелерінің сақадай-сай болуына ерекше көңіл бөлінді. Сөйтіп, 26 сәуір күні таңғы сағат тілі тура 07.00-де сайлау учаскелерінің есігі айқара ашылды.



Белсенділік рекордты деңгейге жетті

Көзі қарақты оқырманның жадында болар, бұған дейін Ақордада бірқатар мемлекеттік органдар басшыларымен кеңескеннен кейін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс Сайлауын биылғы жылдың 26 сәуірінде өткізуді белгілеу туралы Жарлыққа қол қойған болатын. Сонда:

– 2016 жылы өтуі тиіс Президент сайлауы ел Парламентіне өтетін сайлаумен қатар келуіне байланысты Конституцияға қайшылық әкеледі. Сондықтан Конституциялық кеңестің толық сараптауынан өткеннен кейін, Президент сайлауын мерзімінен бұрын өткізуге заңды негіз бар деп шештім, – деген еді Нұрсұлтан Назарбаев.

Негізінде, ел Президентінің сайлауын кезектен тыс өткізу туралы бастаманы Қазақстан халқы Ассамблеясының кеңесі ұсынған еді, бұл бастаманы еліміздегі қоғамдық ұйымдар мақұлдап, бірауыздан қолдайтындықтарын айтып, іліп әкетті. Осылайша, сайлауға қатысты барлық іс-шаралар жүргізілді, ақыр соңында

ел Президенттігіне үш азамат үміткер болды. Олар кәсіподақтар өкілі Әбілғазы Құсайынов, қазіргі Президент Нұрсұлтан Назарбаев және коммунистік пария өкілі Тұрғын Сыздықов еді. Олардың сайлауалды бағдарламалырымен ел тұрғындары танысып, кездесіп, үгіт-насихат жұмыстары заң талаптарына сәйкес жүргізілгенді.

Сонымен, 26 сәуір күні Теміртау жұртшылығы өздерінің белсенділіктерін танытып, сайлауға жаппай қатысуға ниетті екендіктерін білдірді. Қаламыздағы барлық сайлау учаскелерінде қоғамдық бақылаушылар болып, олар сайлаудың әділ өтуіне, заң талаптарының мұқият орындалуын бақылады.

– Тұрғындардың белсенділігіне дән ризамыз, олар сағат жеті болмай-ақ келіп, алды сайлау учаскесінің ашылуын күтті. Алдыңғы толқын саналатын ардагер қарттарымыз бен кейінгі толқын – жастардың мұндай маңызды саяси науқанға жаппай қатысқанына, өздері мен елінің болашағын бір-бірінен ажыратпай қарайтын

көзқарастарына қуандық. Әрине, оларға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Біздің учаскеде бірінші рет дауыс беруге келген жастарға түрлі сыйлықтар табыс етілді. Қорыта айтқанда, заң талаптарына қайшы келетін ешқандай әрекет орын алған жоқ, – дейді сайлау учаскесінің төрағасы Шолпан Фаткулина.

Сөз реті келгенде айта кетейік, осы сайлау учаскесіне тұрғылықты мекен-жайы бойынша тіркелген ардагерлер мен өздігінше жүріп-тұра алмайтын мүмкіндігі шектеулі жандар үшін барынша қолайлылықтар жасалып, олардың үйлеріне келіп дауыстарын жинау шарасы ұйымдастырылыпты. Мысалы, Димитров көшесі, №87 үйдің 4-пәтерінде тұратын тыл ардагерлері Кирилловтар отбасын атап айтуға болады. Жастары сексеннің сеңгірінен асып, тоқсанға таяған қарттардың жүріп-тұрулары қиын, соған қарамастан олар дауыс беруді өздерінің азаматтық міндеті санайды. Сондықтан сайлау комиссиясына алдын-ала хабарласып, мән-жайды жеткізген. Нәтижесінде дауыстарын үйлерінен шықпай-ақ беріп,

көңілдері жайланды.

– Біз бала кезімізде аштықты, жастық шағымызда соғысты көріп өскен ұрпақтың өкіліміз. Ал содан соң бейбіт еңбек ырғағын еселеп, бар саналы ғұмырымызды Қазақстан Магниткасының, Теміртаудай құрыш қаланың өркендеуіне арнадық. Қазақстанның қарыштап дамуы мұндағы тұрақтылық пен бейбітшіліктің, бірлік пен берекенің нәтижесінде, ең бастығы тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясатының арқасында қол жеткен игіліктер. Біз мұны жан-жүрегімізбен ұғынамыз, сондықтан дауыс беруді азаматтық міндетіміз санадық, – дейді тоқсан жасқа таяған Николай Васильевич Кириллов.


Теміртаулықтардың белсенділігі басым болғаны рас, тұрғындардың 98 пайызы өз дауыстарын маңызды санап, сайлау учаскелеріне келгені осыны аңғартады.

Теміртау аумақтық комиссиясының мәліметтері бойынша біздің қалада барлық сайлаушылардың 99 пайызы дауыс беруге қатысты.

– Дауыс беруге тиісті 104 085 тұрғынның 103 098-і өз таңдауларын жасады. Бұл біздің тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы ең рекордтық көрсеткіш болып отыр, тіпті мұндай жағдай әлемдік тәжірибеде де кездескен емес, – дейді Теміртау аумақтық сайлау комиссиясының төрайымы Наталья Шевченко.

Жалпы, еліміз бойынша сайлауға қатысушы азаматтардың 98 пайызы өз дауыстарын берді. Әрине, бұл заңды құбылыс, өйткені Қазақстан азаматтарының бәрі де өз дауысының маңызды екенін жақсы біледі, әркім өзінің келешегін, туған жері мен кең байтақ отынымен байланыстырады. Ешкім де ұлтаралық немесе конфессияаралық қақтығыстардың болғанын қаламайды. Міне, осындай ұстанымнан барып ел Президентін бір кісідей белсенділікпен сайлауға деген құлшыныс пайда болғаны анық. Дауыс берудің қорытындысы да жұртшылықтың көптен күткеніндей болып шықты. Теміртаулық сайлаушылардың басым көпшілігі бұрынғы Президентті қолдады. Сайлау учаскелері жабылғаннан кейін-ақ көп кешікпей дауыс берудің алдын ала қорытындылары жасалып, алғашқы мәліметтер берілді. Бюллетеньдерді санау таңғы сағат төртке таяу аяқталды. Сөйтіп біздің Теміртау қаласы бойынша Президенттікке кандидаттардың дауысы былай бөлінді:

Құсайынов – 958 дауыс, Назарбаев – 101 446, ал Т.Сыздықов – 618 дауыс жинаған. Бұл ресми мәліметтер, сайлау комиссиялары тарапынан ешбір айтарлықтай заң бұзушылықтың, кемшіліктің



болмағанын көрсетті. Сөйтіп ҚР Президентін сайлау өз мәресіне жетті. Орталық сайлау комиссиясының мәліметтерінде көрсетілгендей Н.Назарбаев – 97,7 пайызға ие болды. Екінші орында коммунистердің өкілі Т.Сыздықов, ол барлық сайлаушылардың 1,6 пайызын иемденген. Ал кәсіподақ жетекшісі Ә.Құсайынов – 0,7 пайыз дауыспен үшінші орында қалды.

Дауыс берудің алғашқы алдын ала қорытындылары бойынша өзінің жеңіске жеткенін естігеннен кейін Н.Назарбаев барлық қазақстандықтарға өзіне қолдау білдіргені үшін шынайы алғысын жеткізді.

– Мен еліміздің әрбір азаматына, әрбір отбасы мүшелеріне Тәуелсіздік жылдары бойы маған сенім білдіріп, соңымнан еріп, енді биылғы сайлауда да қолдағандары үшін шын жүректен рахмет айтқым келеді. Ел Президентінің кезектен тыс сайлауын өткізуді Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынған еді, бұл шешімді барлық қазақстандықтар қолдады. Мұндай жалпыхалықтық сенім мен қолдау болмаса, алда тұраған міндеттерді орындау мүмкін болмас еді. 26 сәуір күні Қазақстан халқының сайлауға бір кісідей ұйымшылдықпен қатысуы біздің елдің ауызбіршілігін көрсетті. Сонымен бірге барша қазақстандықтар тұрақты дамып келе жатқан елдің, менің бағдарламамды қолдап отыр. Бұл үлкен сенім, зор жауапкершілік, сондықтан Отанымыздың келешегі үшін, көркеюі үшін бұрынғыдан да еселенген күш-жігермен жұмыс істеуге міндеттейді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

27 сәуір күні ел Президенті Ақордада баспасөз мәслихатын өткізді, ол барлық қазақстандықтар толғандырып келген бірнеше сауалға жауап берді.

– Сайлаудан кейін елімізде ешбір бөтен өзгеріс болмайды, бұған дейін қалай жұмыс істесек, алдағы уақытта да солай жұмыс істейтін боламыз. Бірдеңені күрт өзгертерліктей себеп жоқ, ал егер өзгерістер жасау қажет болса, мен оны өзім де алдын ала айтамын. Ресейдің рубліне байланысты ауытқулар болғаны мәлім, қазір жағдай қалыпқа түсті. Сондықтан теңгенің құнсыздануына негіз жоқ, – деді мемлекет басшысы.

Өз тілшімізден

Ерлан Саиров, саясаттанушы:

Бүгінгі сайлауда дауыс беруде электорат ерекше белсенділік танытты. Дауыс берушілердің бүгінгідей көптігі бұрынғы сайлауларда болмаған оқиға. Бұл сайлау сонысымен де ерекшеленді.

Алуа Жолдыбалына, саясаттанушы:


Бұл Президенттік сайлауда азаматтар таңдау құқығын терең сезінгенін көрсетті. Сайлау тарихында осы саяси науқан дауыс берушілердің көптігімен қалады.

Жарқын Түсіпбекұлы, саясаттанушы:

Бұл саяси науқан бұрынғы сайлаулармен салыстырғанда тиянақты ұйымдастырылуымен ерекшеленді. Сайлау учаскелеріне халықтың көптігінен қоғамның саяси мәдениеті жоғарылағанын бағамдауға болады.

Қанат Әуесбай, журналист:

– Біздің қоғамда дауыс беруге қатысқан жас та, жасамыс та жаппай сайлауға баруды азаматтық парыз санайды екен. Ел халқы ерекше ұйымшылдық танытты. Сондықтан, дауыс берушілер санының рекордтық көрсеткішке ие болғанын бас айта кеткен жөн.



— Біздің «Кореяна» деп аталатын ұлттық мәдени орталық 1989 жылы ұйымдасқан еді, былтыр 25 жылдығын атап өттік, ширек ғасыр бұл аз уақыт емес. Қалада тұратын екі жүзге жуық кәріс отбасының өкілдері барлық қазақстандықтар сияқты өмір сүріп, білім алып, еңбек етуде жалпы біздің халық туралы жұртшылық арасында еңбекқор, ісіне тыңғылықты, сөзге берік дегендей жақсы пікір қалыптасқан, бұл

ғасырдың 1937 — 39 жылдары Қиыр шығыстан жер аударылған, тек Қазақстанға ғана емес олар кеңес одағының түкпір-түкпіріне шашырап кетті. Үйреншікті өмір салттарын сақтау тұрсын тіпті ұлттық дәстүрлерін де, тілдерін де сақтауға, тұратын жерді таңдауға, кәрісше ат қоюға құқықтары болмады, бірақ жаратылысында табанды, әжет халық қалай да өздерінің ұлт есебінде жоғалмауына қол



шын мәнінде де солай сондықтан осы жақсы сенімге кір келтірмей әрдайым алда болу біз үшін бір үлкен мәртебе, — деп бастады өзінің әңгімесін осы орталыққа былтырғы желтоқсан айынан бері жетекшілік етіп келе жатқан Вера Алексеевна Цой.

— Теміртаулық кәрістер күнделікті тұрмыста да, қоғамдық өмірде де жоғары адамгершілік, белсенділік, білімділік деген қасиеттерді ұстанады. «Кореяна» мәдени орталығы олардың бос уақытта бас қосатын демалыс ошағы ғана емес қаланың бір әлеуетті этнографиялық ұжымы десек артық емес. Біздің «Халық бірлігі» қоғамдық бірлестігі өз жұмысында осындай белсенді адамдардың көмегіне сүйенеді, — дейді аталған үкіметтік емес ұйымның жетекшісі танымал ардагер, металлург Ильяс Баймұрзаев.

Елімізге бұл ұлт өкілдері өткен

жеткізе алды. Бұған біз әңгіме етіп отырған «Кореяна» этно-мәдени орталығы өмірінен көптеген мысалдар келтіруге болады. Қазір Теміртаудың әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосып жүрген кәрістер аз емес, жұртшылық осыдан бірнеше жыл бұрын республикалық супер стар байқауында мәреге жеткен әнші Роман Ким есімін жақсы біледі.

— Сол байқау кезінде қазіргі ұлттық мәдени орталық жетекшісі Элла Черсановна Нью болған еді, сол кісінің басшылығымен бәріміз бір кісідей жұмылып дауыс бердік, жалпы барлық Теміртау халқы оны қолдады. Дауыс саны басқалардан асып түсіп екінші орынды иемденді. Бұл да халықтар достығының бір көрінісі, әсіресе қазақтар бізді сонау репрессия кезеңінен қолдап, қорғап, бір үзім нанымен бөлісіп күні бүгінге дейін

қамқорлық көрсетуде біз сол үшін қазақ халқының қонақжайлылығы мен, кеңпейілділігін үнемі айтып жүреміз, — деп әңгімеге араласты осы тұста мәдени орталықтың өнерпаздары Клавдия Степановна Цой, Георгий Геннадиевич Кан, Алла Васильевна Ним, Тамара Тимофеевна Кан.

— Қаламызда тұратын ұлт өкілдері арасында ерекше танымалдарының атын атасаңыз? — деген етінішімізге орталық жетекшісі биыл 90 жасқа толатын Владимир Николаевич Цай, оқ атудан еліміздің үш дүркін чемпионы Юрий Валентинович Ким есімдерін мақтаныш тұтатындықтарын айтты. «Достық» орденінің кавалері Лилия Ким жетекшілік ететін Қазақстан кәрістері ассоциациясы Қарағанды филиалы өздері сияқты басқа да ұлттық бірлестіктермен тығыз байланыста жұмыс істеуде, соның нәтижесінде биыл мамыр айында

бір топ осы ұлт өкілдері өздерінің тарихи отанына туристік сапармен барып қайтқандығы отыр.

— Корея елі біздің тарихи Отанымыз болғанымен біз өзімізді Қазақстан халқының бір бөлшегі деп білеміз. Өйткені осында туып өстік, менің барлық туысқандарым, әкешем, аға-апаларым өздерінің еңбек жолдарын Қарағанды металлургия комбинатында өткізді, өзім де завод ВТУЗ-ды бітіріп коксохимда бухгалтердің орынбасары болып еңбек еттім, жалпы бізде металлургиялық өндіріс еңбекіне қатысты қалыптасқан, біз соны мақтан етеміз. Тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өркендеуіне белсене қатысып осындай бейбіт елде өмір сүру бізге мол мүмкіндік беріп келеді. Мәселен, мен өзім соңғы жылдары шағын бизнеспен айналысудамын, — дейді аталған орталық жетекшісі Вера Алексеевна.

— Кәріс халқының қандай ұлттық

мерекелері бар, оларды атап өтесіздер ме? деген сауалымызға мәдени орталықтағылар бірауыздан еліміздегі барлық мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндер өздеріне де ортақ екенін жеткізді, сонымен бірге кәріс халқына тән мейрамдар да тойланады. Мәселен олар жаңа жылды биыл шығыс халықтары күнтізбесі бойынша 19 ақпанда қарсы алыпты. 5 сәуір ата-аналар күні, ал 21 маусым көктемгі егісті отырғызып болғаннан кейін олар өнім беруге беталғанда тойланатын — «тано» мейрамы күні. 27 тамыз «Чусок» күні деп аталады. Бұл енді биылғы егіс, бау-бақша өнімі берекелі болуы үшін оны жинардың алдында атап өтілетін ауылшаруашылығы мерекесі деуге болады.

Бүгінгі таңда бұл этно-мәдени орталық құрамы барынша бай, онда тек осы ұлттың өкілдері ғана емес татарлар, қазақтар, орыстар да бар. Бұл бір қарағанда қызық

«Кореяна» — ұлттық мәдениеттің бір ошағы

сияқты өйткені қалада тұратын көптеген ұлттардың өздеріне тән осындай мәдени орталықтары бар екені белгілі. Олай болса әркім өзінің ұлты мен ұлысына қарай бірігуге тиіс. Бұл енді сыртқы адамға осылай көрінеді, ал шын мәнінде біз жұмысымен танысқан мәдени орталықта басқа ұлт өкілдері де жетерлік өйткені орталық жетекшісі Вера Алексеевна Цойдан бастап оның барлық белсенді мүшелері өнерді, мәдениетті, дәстүрді ұлтына қарап бөлмей адамдардың талантына, бейімділігіне қарап дамытып келеді. Мәселен жуырда тұңғыш-Президент тарихи-мәдени орталығында Б. Аманжоловтың графикалық кескіндер көрмесін ұйымдастыруға осы «Кореяна» көмектескен, ал ардагер металлург туризм жөніндегі республиканың еңбек сіңірген нұсқаушысы Шихаб Ромашкин оны өзінің туған үйінедей сезінеді. Орталықтың барлық мүшелері жазда Қарағандының ең әдемі жерлеріне туристік жорықтарға шығады, бірге ән шырқайды, естелік үшін суретке түседі. Айтқандай Шихаб Ромашкин әуесқой фото суретші, осы орталықтың ұйымдастыруымен көрме ашып, қызғылықты тарихи туындыларын жұртшылыққа ұсынды.

Достық пен туысқандық туы желбіреген Теміртаудың үлкен шаңырағы астында неміс, грек, қазақ, украин, әзірбайжан, поляк, татар, тағы басқа ұлттардың мәдени орталықтары жұмыс істеп келеді. Олардың бәрі де қаланың мерекелеріне, түрлі тақырыптық фестивальге белсене қатысады. Ширек ғасырдан бері жұмыс істеп келе жатқан «Кореяна» этно-мәдени орталығының алда тұрған міндеті, межелеген жоспары қазіргіден де зор.

— Біз биылғы наурыз мерекесінде ұлттық әдет-ғұрыптарды, кәріс халқының тағамдарын көрсеттік, бұл бізге ұнады. Сондай-ақ басқа ұлттық орталықтар да осылай өздерін таныстырды. Келушілер қызықтап сұрақтар да беріп жатты. Өйткені біздің көпұлтты Отанымызда әркімнің өзіне тән ерекшелігі, түр-сипаты, салт-дәстүрі басқаларды да өте қызықтырады. Бұл тек Тәуелсіз Қазақстанда ғана қол жететін мүмкіндік, өйткені әр ұлт еркін дамып өз қалауымен өмір сүруде. Достықта шекара жоқ деген осы, — дейді орталық мүшелері.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА



Қазақстан Магниткасына — 55 жыл

Алпысыншы жылдардың ортасында металлургия саласының өндіріс қуатын арттыру үшін істер қолға алына бастады. Соның бастысы прокат жолындағы күрес болды. Ол туралы баспасөзде «1960 жылдың шілде айында Қазақстан Магниткасы домнасынан тұңғыш шойын ақты. 1964 жылдың желтоқсанында Магнитка құрылысшылары болат бұлағының көзін ашты».


Содан бері қуанышқа қуаныш жалғасып, ғаламат қарыштап өсіп келеді. Құрылысшылардың ендігі алдында тұрған асқар асуы — слябингі прокат станын пайдалануға беру болды. Бұл объект қатарға қосылғанда заводтың бірінші кезеңі ықшамдалып келе жатты. Слябингіні сапқа қоятын сертті күн де таяп қалды.

жүзеге асқандығын аңдатады. Дейтұрғанмен баспасөз келелі құрылыстың олқы тұстарын да тап басып, оны айқын көрсетіп берді. Айталық, 1965 жылдың маусымында бұқаралық ақпарат құралдары прокат жолындағы күресте слябинг құрылысында осал жерлердің барын да жазады. Тек айтып қана қоймай,

етілген сәтінен-ақ әр буындағы жетекшілер осы мәселеге ерекше назар аударып, оны шапшаң жоюға тырысты. Бұл да бұқаралық ақпарат құралдарының пәрменді күш болғанын, ол тек баршаны ортақ іске жұмылдырушы ғана емес, сонымен бірге кемшіліктерді жою, олқылықтарды аластатудың

әрі жұмыс кестесін орындау мақсатында оның құрылыс объектілерінде маусым-шілде айларында «Промстрой», «Мартенстрой», «Қазмехономонтаж», «Союзтеплострой» басқармалары жұмысты екі ауысыммен, ал «Казстальконструкция», «Промметаллургстрой» және «Тулашах-

Прокат жолындағы күрес



кестесіне көшу құрылыстағы еңбек күшінің жетіспегенді салдарынан туған еді. Егер осы 1965 жылы слябинг құрылысына 820 адам жұмыс істеуі қажет болған, алайда онда 700-дей құрылысшы жетпей жатты. Сонысына қарамастан еңбекке ынталандыру, өріс алған социалистік жарыс осындай басқа да шаралар слябинг құрылысында жүргендердің алға қойға мақсаттарына жетуге зор ықпалын тигізді.

Слябинг құрылысы барысында 1965 жылдың желтоқсанында аяқталуға тиіс деп жобалағанымен жұмыстың күрделілігі, өндірістік түрлі себептермен оны іске қосу сәл кейінге қалдырылады. Жаңа 1966 жылдың беттері де ашылды, бұл барша кеңес халқының жоғары өрлеу шағы, жаңа міндеттер мен істерді нұсқайтын партияның кезекті съезіне дайындық кезеңі болатын. 1966 жылғы 20 ақпанда СССР халық шаруашылығының 1966-1970 жылдары даму жоспарын белгілейтін партияның XXIII съезінің жоспары бүкілхалықтық талқылауға ұсынылып, БАҚ-да жарияланды.

Осы саяси өрлеу кезіндегі жалпыхалықтың қозғалыстан облысымыздың еңбек ұжымдары бейтарап қалмады. Олар совет халқының алдыңғы шебінде болды. Республикамызда 1966 жылдың бірінші тоқсанының жоспары барлық көрсеткіштер бойынша асыра орындалды. Қазақстан Магниткасында елеулі оқиға болды. 1966 жылғы 26 наурызда Теміртаудағы «Слябинг 1150-дің» пайдалануға берілгендігі туралы актіге қол қойылды. Сонымен бірге тұңғыш прокат алынды. Бұл үлкен прокат жолындағы алғашқы қадам болатын. Дегенмен осы табыс металлургтерді тағы бір биікке көтерді. СССР орталық статистика басқармасының сол жылдардағы деректеріне жүгінсек, еліміздің кара металлургия саласы қызметкерлердің жылдық таспырманы мерзімінен бұрын орындағанын көреміз. Шойын қорыту 1964 жылмен салыстырғанда 3,8 млн. тонна немесе 6 пайызға, болат 6 млн. тонна немесе 7 пайызға өскен. Осы ортақ табысқа Қазақстан Магниткасының да қосқан үлесі бар еді.

**«Тұғыры биік Теміртау»
кітабынан**



Қазір жиырма шақты құрылыс басқармаларында осында жұмыс істеп жүрген екі мыңнан астам адам осы міндеттемені абыроймен орындап шығу үшін атсалысуда» деп жазды түрлі басылымдар.

Иә, алпысыншы жылдардың ортасында Қазақстан Магниткасындағы «1150» прокат станының құрылысы қолға қызу алынды. Ол ендігі күнде завод тек металл балқытып, болат селін ағызып ғана қоймай, аса құнды, күнделікті тұрмысқа, өндірістің әр саласына қажетті өнімдерді шығаруға бет бұрғандығын байқатады.

Жалпы ірі өндірісте екінші қатарда деп санайтын буын болмайды. Себебі барлық жұмыс бір бірімен қатысты, әрі сабақтас болғандықтан алып құрылыстың барлық құрылымы бірдей дәрежеде жұмыс істеп тұруы қажет. Ал бір жерден кінәрат шықты дегенше қандай да бір алып болсын ілгеріге аяқ баспай, табандап қалады. Осы жөнінде басылымда «Слябингі құрылысында «Қазір қызу құрылыс алаңы мынау» деп айту қиын. Қай жерге барсаң да білекті сыбанып, бірлесе еңбек етіп жатқан жұрт. Құрылысшылар да, монтажшылар да маңдай терін сыпыра тастап, құлшына іске кіріскен» деп жазады. Осының өзінен-ақ, кезінде құрылыстың бір ырғағы, екпінді түрде

оны қалай оңалтып, алдағы істі қандай бағытта жүргізу қажеттілігін көрсетеді. «Үлкен құрылыстың бірінші циклін толық қатарға қосу үшін прокат станы қондырғыларының жер табанын түгелдей салып шығу үшін қажет» дейді. Әрі осы салада «Мартенстрой» құрылысшыларын өздерінің міндеттемелерін орындауда кешеуілдеп қалып отырғандығын, пайдалануға берілетін бес фундаменттің екеуінің құрылысы бітпегендігін айтады. «Сонымен бірге «Коксохимстрой» және «Промстрой» құрылысшылары да шабандап отыр. Олар салып жатқан ФО-1, ФО-2 және ФО-3 фундаменттері қашан қатарға қосылары белгісіз. Ал бұл кешеуілдеу жұмыс жетекшілері Кобылкин мен Гамора жолдастардың есіне кіріп те шығар емес. Олардың адам күшін және техниканы бірінші кезектегі объектіге жіберудің орнына басқа «пайдалы» құрылыс алаңдарына пайдалануға тырысады», -деп жазады.

Осылайша прокаттың басты буыны слябинг құрылысындағы табыстар мен олқы істер қатаң сынға алынады. Жалпы осы сындардың Қазақстан Магниткасы құрылысының шапшаң жүргізілуіне ықпал еткенін айту керек. Олқылықтардың жария

басты құралы ретінде қолданылғандығын көрсетеді.

Күн санап прокат үшін күрес қызға түсті, толағай табыстар да аз болмады. Барлық күш пен мүмкіндік ендігі кезекте осы салаға жұмылдырылды. Баспасөз құралдарының пәрмені дегеннен шығады, «Орталық Қазақстан» газетінің сол 1965 жылдың маусымында слябинг құрылысынан жазған сын мақаласына орай «Главцентрстрой» бас басқармасы бастығының орынбасары И.Грунской шілденің ортасында жауап қайтарады. Онда басылымның Қарағанды металлургия заводындағы «Слябинг-1150» кешенінің құрылыс барысының орынды көрсеткендігі айтылды. «Расында да, -дейді ол, оның объектілерінде құрылыс-монтаж жұмыстары әлі күнге баяу жүргізіліп келеді. Бұған ендігі жерде тезуге болмайтындығы ескеріліп, объектілерді монтаждаудың қатаң графиктері жасалды. Стандар жабдығын орнатуға алты объектінің іргетасы табыс етіледі. Енді сегіз объектінің фундаментін тапсыруды тездету көзделуде».


Қалай десек те, жұмыс ырғағы өз кестесінен ауытқымады. Кездескен олқылықтар тиісті орындар тарапынан оң жолға салынып отырылған. Мәселен, 1965 жылы слябинг құрылысын шапшандату,

топрукатқа» басқармалары үш ауысыммен жұмыс істеуге көшеді. Яғни екпінді құрылыстағылар жаздың қолайлы мерзімін тиімді пайдалануды көздеп, кең көлемді шараларды қолға алды.

Осындай жанды істер, шаралар жалпы прокат жолындағы күресті ширатып, жекелеген объектілерді мерзімінен бұрын пайдалануға беруге мүмкіндік береді. Мәселен, слябингтің машина залының құрылысы осы жылдың 13 маусымында қатарға қосылды. Осындай тағы да басқа келелі істер жүзеге асырылып жатты. Жыл аяғы жақындаған сайын жұмыс та соны серпінге ие болады.

Прокат жолындағы екпінді еңбекті «Орталық Қазақстан» газеті 1965 жылдың қараша айындағы сандарының бірінде былайша сипаттайды: «Слябинг салынып жатыр, әрбір күн көрнекті өзгерістер әкеліп тұрады. Пайдалануға берілетін объектіде металл конструкциялардың торы жиілей түсіп, күні кеше құрылысшылар жүрген жерге бүгін монтажшылар келді. Олар қондырғыларды құрастырып, тораптарды дайындап жатыр» дейді. Иә, сол тұста прокат станында монтажшылар елеулі еңбек етіп, өзгелерге үлгі бола білген еді. Транспертерлердің, манипуляторларды бір шоғыры дайын болды, ал қоңыр күздің басында слябингтің негізгі тораптары қатарында саналатын қайшылар дайындалып біткен еді. Әрине, қай табыс болсын, еңбек адамдарының қажыр-қайратқа толы еңбегінен туындап жатады. Сол жылдарда өнегелі істерімен көзге түскендер қатарында М.Поскребышев, А.Фомин, В.Малых, Н.Суфиев және басқалар басқаратын еңбек ұжымдары жиі ауызға алынады. Слябинг құрылысындағылар Қазақстан Магниткасының кезекті маңызды буынын қатарға қосып, ірі кәсіпорынның толық циклде жұмыс істеуіне жету үшін жыл соңына таман еңбек көрігін қыздыра түсті. Әр еңбек ұжымы жылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындап шығуға ұмтылды. Көктем мен жаздың бел ортасындағы олқылықтардың орны толтырылғанымен, уақыт ілгері жылжыған сайын тың міндеттер де туындап отырды.

Бірнеше ауысымдық жұмыс



Ешкім де ұмытылмайды

Міне, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына да санаулы күн қалды. Айтулы мерекеге орай біздің қаламызда көптеген іс-шаралар өткізілуде. Солардың қатарында білім ошақтарындағы «Ерлік», «Даңқ», «Тағзым» секілді мұражайлардың ашылуы. Мұндай игілікті іске қалалық ардагерлер кеңесі бас болып, оны білім беру білімі құп көріп, барлық орта мектептер мен кәсіптік білім беретін оқу ордалында және аула клубтарында ерлік істерді дәріптейтін мұражайлар бірінен соң бірі ашылып, оларға кешегі сұрапыл соғыс жылдарынан сыр шертетін жәдігерлер мен фотосуреттер қойылуда. Осындай мұражайдың ашылуы өткен сәрсенбінің сәтінде №4 қазақ орта мектебінде салтанатты түрде болды. Әуелі мектеп директоры Шолпан Мұратқызы Фаткулина арнайы шақырылған соғыс және тыл ардагерлеріне, білім бөлімінің басшысы мен қызметкерлеріне, қалалық әкімдік өкілдеріне бір ауыз жылы лебізін білдіріп, содан соң мұражайдың ашылу рәсіміне, яғни лента қиюына кезек берілді.

Ерлік даңқы - ұрпаққа ұлағат



«Ерлікке тағзым» деп аталатын бұл мұражайдың төрінде Ұлы Отан соғысынан сыр шертіп, неміс басқыншыларымен болған соғысқа қатысқан, ерлік көрсеткен, Кеңес одағының батыры атағын алған қазақстандық батыр ұл-қыздар туралы толық ақпарат бар. Сонымен қатар батыр бабамыз бауыржан Момышұлының «Есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты» деген қанатты сөзі мен мұнадалап, бүгінгі ұрпақтың осы ісінің қаншалықты салмақты екендігін аңғартқандай. Мұражайдың екінші бөлігі тыл еңбеккерлерінің өмірі мен атқарған жұмыстарын сол қалпында көз алдыңызға әкеледі. Арамызда жүрген бірқатар ардагерлердің өмір жолдары мен фотосуреттері де бар. Ал үшінші бөліктен Ауған соғысының ызғар лебі есіп тұрғандай, «Жырым бар жараланған жаныңды емдер, Дәуірлендер ауғандық жауынгерлер!» дейтін өлең жолдары он жылға созылған бұл соғысқа қатысқан қазақстандықтар туралы мол мәліметтерді көз алдыңызға жайып салады. Олардың қаншасының жат топырақта оққа ұшқаны, жараланып, мүгедек боп қалғандары, сонымен қатар қазір арамызда жүргендері жайындағы деректер өзіне еріксіз тартады.

Енді бір сәтте мектеп оқушылары «Жеңіс деген жақсылықтың сыңары, қуаныш пен мерекенің бұлағы» деп аталатын ән-жырмен, көріністермен өрнектелген шағын бағдарламаға кезек берді.

— Құрметті қонақтар, ұстаздар мен оқушылар! Отан алдындағы борышын ақтап, қанды қырғын —соғысты тұншықтырып, ұрпағына бақыт әкелген ардагерлерімізге мың алғыс айта отырып, Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойына арналған салтанатты кешімізді бастаймыз, — дегені сол еді жүргізушінің, одан әрі сахналық қойылым басталып кетті.

— Аз емес зар жылаған, егілген жан, Аз емес өшкен өмір, төгілген қан. Кеудеге зілді қасірет салды соғыс, Қирады талай арман көңілге алған, — деген жыр жолдарымен әдіптелген соң, «Соғыс қасіреті» дейтін көрініс арқылы соғыс деген суық сөзді алғаш естіген,

желтоқсанында КСРО Қарулы күштерінің Ауғанстанмен арадағы он жылға созылған соғысы жайында айтылды. Міне, бүгінгі ұрпақ бейбітшіліктің қадір-қасиетін ұғынып, ардагерлерді құрметтеуі, ардақтауы үшін мұндай іс-шараның берері мол. Өскекең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеп, олардың өз Отанын, туған жері мен елін сүюі үшін, Отан-Ананың қарыштап дамып, гүлденуі үшін қаншалықты маңдай тер төгіп, қорғаудың маңызылығы осында. Бүгінгі мұражайды ашудағы мақсат та осы. Сондықтан мектеп ұжымы бар күш-жігерін салып, осы міндет үдесінен шығуға жұмылғаны анық аңғарылып тұрды.

Жетпіс жыл — бейбіт көктем таң атқалы, Жетпіс жыл — шуақты күн таратты әнін. Талай құс содан бері қайта оралды, Талай бақ әлеміне қайта оранды.

Соғыста өлгендер тек оралмайды,

жиналғандардың бір минут үнсіздікпен соғыс құрбандарын еске алуды жөн санады...

Мектептің кішкентай бүлдіршіндері Ұлы Жеңістің құрметіне «Шашу» биін биледі. Соңынан мектеп оқушылары мен бір топ ұстаздар бірігіп, Жүмекен Нәжімеденовтың «Бейбіт күн тілегі» әнін хормен шырқады.

— Бүгінгі шара жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуде ерекше маңызға ие екендігін осы көріністерден көріп отырмыз. Өте тартымды, жанды тербетті. Сонымен қатар бұл алдыңғы толқын — ардагерлерімізге деген шексіз құрметтің белгісі. Өткенді ұмытпай, ерлік даңқын дәріптеу баршамыздың міндетіміз, — деді қалалық әкімдік өкілі А.А.Старикова.

Мұнан соң жүрекжарды лебізін қалалық білім беру бөлімінің басшысы Бақшагүл Рахимова, қалалық ардагерлер кеңесінің жастармен жұмыс секторының жетекшісі Людмила Мошковская, осы мектеп директоры Шолпан Фаткулина тілек ниеттерін жеткізіп, ардагерлерге мықты денсаулық тіледі.

Әрине, осындай ауыз толтырып айтуға тұрарлық мұражайдың ашылуына барлық ұстаздар қауымы атсалысса, соның ішінде ұйымдастырушы — педагог Сәуле Нәзірбекқызы Қайырбектің еңбегі ерекше.

— Мұндай даңқ мұражайын ашуға қаламыздағы отыз жеті оқу ордасы мен он екі аула клубы үн қосқан болатын, біз бүгін солардың жиырмасыншысын көріп, жоғары баға беріп отырмыз. Әрқайсысының өз ерекшелігі бар, бүгінгі шара жүрекке жылылық сыйлады, көзімізге жас алдық. Алдағы 9-мамырға дейін қалғандарын түгел көріп, соңынан қорытындылап, жүзден жүйрік шыққандарын марапаттайтын боламыз, — дейді Людмила Мошковская.

Сондай марапатқа лайықтылардың қатарында осы №4 қазақ орта мектебінің



қарапайым отбасының басынан кешкен сәті, сосын аяулы ананың ұлын Отан қорғау үшін қан майданған қимай аттандырғаны, әкенің ұл-қызына аманаты, жарының қоштасуы сынды көріністерге кезек берілді. Ал қабырғаға ілінген үлкен экраннан соғыс туралы көркем фильмдерден, оның ішінде шығыстың қос шынары атанған Әлия мен Мәншүк жайындағы үзінділер жүріп жатты.

Оқушылар жерлесіміз, майдангер ақын Қасым Аманжоловтың «Абдолла» поэмасынан үзінді көрсетіп, көпшіліктің көзіне жас үйірді. Бұлардан басқа Нұркен Әбдіров, Мартбек Мамыраев сынды батырлар туралы да айтты. Сонымен, Ұлы Жеңіс туы желбіреген кезеңге де кезек келіп, Рейхстагқа ту тіккен ефрейтор Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі дәріптелді. Иә, Жеңіс оңайлықпен келмеді, төрт жылға созылған сұм соғыста КСРО-ның 1710 қаласы күл талқан болып, жетпіс мыңнан астам селосы мен, деревнясы өртеніп, жермен жексен болды. Сан миллиондаған адамдар оққа ұшты, концлагерьде мерт болды.

Енді бір сәтте Ауған соғысы жайында әңгіме өрбіп, 1979 жылыдың 27



Тек ұрпақ олар жайлы айтады әнді. Жетпіс жыл жауыздықтың ажал оғы, Біздің елдің үстінен ұшағалы, — деген жыр жолдарын оқыған балалар

«Ерлікке тағзым» мұражайы болатынына біздің де сеніміміз мол.

Руза АЛДАШЕВА

Самарқандық жауынгерлер! Ендерді мәңгі есте сақтаймыз!



КОЛЧЕНКО
Павел
Константинович

160 атқыштар дивизиясының 636 атқыштар полкінің қатардағы жауынгері.

1913 жылы Астрахан облысы Ахтубинский ауданында туған. №1 «Қарағандыкөмір» совхозында жұмысшы болып істеген.

Әскер қатарына 1942 жылы 22 мамырда Қарағанды қаласындағы Киров аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Воронеж майданында соғысқан. 1942 жылы 17 тамыздағы ұрыста оққа ұшқан. Воронеж облысының Девица Коротояковская селосында жерленген.



КОРЯГИН
Михаил
Семенович

237 атқыштар дивизиясының 1100 атқыштар полкінің қатардағы жауынгері.

1908 жылы Оренбург облысының Екатериновский ауданында туған. Самарканд поселкесіндегі КарГРЭС-1-де жұмысшы болып істеген.

Әскер қатарына 1942 жылы 22 мамырда Қарағанды қаласындағы Киров аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Волховский майданында соғысқан. 1942 жылы 26 қыркүйекте шайқас үстінде қаза тапқан. Ленинград облысы Мгинский ауданының Тортолово селосында жерленген.



КОРЯКОВ
Николай
Андреевич

327 атқыштар дивизиясының 1098 атқыштар полкінің қатардағы жауынгері.

1918 жылы Астрахан облысының Енотаевский ауданының Копановка селосында туған.

Самарканд поселкесіндегі КарГРЭС-1 құрылысында ағаш ұстасы болып істеген.

Әскер қатарына 1942 жылы 19 мамырда Қарағанды қаласындағы Киров аудандық әскери комиссариатынан шақырылған. Волховский майданында соғысқан. 1942 жылы тамыз айында мерт болған. Ленинград облысы Мгинский ауданының Вороново селосында оңтүстік-батысқа қарай 1,5 шақырым жерде жерленген.

Суреті сақталмаған


КОРЖЕВ
Михаил
Егорович

32587 далалық почталы әскери бөлімшенің сержанты.

1909 жылы Қарағанды облысы, Самарканд поселкесінде туған. Энергобасқармада жұмысшы болып істеген.

Әскер қатарына 1942 жылы 22 мамырда Қарағанды қаласындағы Киров аудандық әскери комиссариатынан шақырылған.

Оңтүстік-батыс майданында соғысқан, Днепр-петровск облысын жаудан азат еткен. 1943 жылы 14 желтоқсанда ауыр жараланып қайтыс болған. Днепр-петровск облысы Щорский ауданының Гуляй-Польский жылқызаводының №3 бөлімшесінде жерленген.



Қарт жауынгер 89-ға толды

Өткен сейсенбі күні қаламыздың қарт тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері Борис Михайлович Вершинин 89 жасқа толды, соғыс сарбазын қалалық Қорғаныс басқармасы, №55524 әскери бөлім мен 9-шы ОКМС ардагерлер кеңесі құттықтады.

Ресейдің Самара облысында туған ол 1932 жылы ата-анасымен бірге Осакаров ауданына жер аударылған екен, сонынан отбасы Самарқан поселкесіне қоныстанады. 1943 жылы он жеті жасқа толған бала Борис майданға аттанады.

— Әуелі Алматыда запастағы полк құрамына алынып, әскери тәртіп пен соғыс қимылдарын үйрендім, оқу-жаттығу аяқталған соң Белоруссияға жөнелтті, сонда елді мекендерді жаудан азат етуге қатыстым. Мен алабөтен ерлік көрсеткем жоқ, жұрт қатарлы Отанды жаудан қорғау жолында азаматтық борышымды өтедім, жанымды аяп қалмадым. Бірінші Прибалтика майданының 700 дивизиясы құрамында соғыстым, — дейді қарт жауынгер.

Өзінің міндетін атқарған жауынгер сол сұрапыл жылдарда «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Жүз жауынгерден тек төртеуі ғана аман қалған айқастан соң бұл марапат оның кеудесіне тағылған. Өзі қандыкөйлек жолдастарын еске алып, «Мен үшін бұл медальдан қасымдағы жауынгерлердің өмірі қымбат еді, сондықтан ол кезде кеудемде марапатталдым деген қуаныш сезімі болмады» дейді.

Мұнан соң да тапсырмаларды бұлжытпай орындап, ерен ерлік көрсеткен Борис Вершинин екінші рет «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Сонымен қатар Отан соғысы, ордені мен Жуков медалін омырауына тағыпты. Сөйтіп әскер қатарында алты жарым жылға жуық уақыт болған жас жауынгер елге оралады. Жеңіс күнін госпиталда жатып естіген ол, жыл сайын 9 мамырды ерекше атап өтеді, ол үшін бұл күннен артық мереке жоқ десе де болғандай.

Соғыстан соң Теміртауға 1950 жылы оралған Б.Вершинин бүкілодақтық құрылысшы-инженерлер институтын сырттай тәмамдап, №11 орта мектепте физика пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасады. Кейін кәсіптік білім беретін техникумда сабақ береді. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ардагер 89 жасқа толды, бүгінде оның дені сау, денесі шымыр. Қарт жауынгерді 9 мамыр — Жеңіс күнімен құттықтап, баянды бақытқа толы ұзақ ғұмыр тілейміз.

Өз тілшімізден

Өз тілшімізден



Тағзым

Жеңіс сарбазы, даңқың арта берсін!

Бұрнағы күні Теміртау ТПТК колледжінде Ұлы жеңістің 70 жылдығына арналған мерекелік конкурс өтті. Әрине, мұндай іс-шараға бірқатар қала ардагерлері қонаққа арнайы шақырылып, оларға зор құрмет көрсетілді. Жеңіс күні қарсаңында мұндай конкурс өткізудегі басты мақсат түсінікті, ол Отан қорғау жолында қан төккен, тер төккен, ерен ерлік көрсетіп, жаудан ел қорғаған арда азаматтарымыздың алдында бас иіп, ерлік даңқының ешқашан ұмытылмайтынын паш ету. Сонымен қатар өскелең ұрпаққа батырларымызды дәріптеп, оларды патриоттық рухта тәрбиелеу.

Сондықтан колледж сахнасы талапқа сай безендіріліп, түрлі көрнекі құралдар қойылды. Енді бір сәтте патриоттық тақырыптағы әндерге кезек беріліп, жастар оған белсене атсалысты. Сахнаның безендірілуіне ерекше үлес қосқан алғашқы әскери дайындық пәнінің ұстазы Дәурен Қамысбаев болды. Ал студенттерді мерекелік концертке дайындаған музыка пәнінің жетекшісі Шаймардан Тойлағұлдің де есімін атап өт-



кеніміз жөн.

Уақыт өткен сайын соғыс жылдарының жаңғырығы әрбіріміздің санамызда, ол ешқашан ұмытылмайды. Ата-бабаларымыз ел басына күн туған қиын кезеңде Отан қорғау жолында жандарын пидә етті, жараланды, тұтқынға түсті. Бірақ Жеңіске деген сенімдері мен үміттері оларды алдамады. Төрт жылға созылған

Ұлы Отан соғысы жаужүрек жауынгерлеріміздің жеңісімен аяқталды. Содан бері жетпіс жыл өтті. Бүгінде арамызда жүрген ардагерлерімізге құрмет көрсетіп, олардың өмірлері мен еңбек жолдарын, ерлік істерін жас ұрпаққа тәрбие құралы ретінде пайдалану біздің басты міндетіміз.

МАК-13 студенттерінің және Бақытжан Әукенұлы мен Әнуар

Егенбергенұлының «На безмянной высоте» әнін А-2-13 тобының студенті Қабыкенова Гүлімнің «Әлия» әнін орындауы көптің көңілінен шықты.

Сөз соңында барша қала тұрғындары мен қонақтарын шын жүректен Ұлы Жеңіс күнімен ұжым атынан құттықтаймыз.

8 Телебағдарлама

№ 17 (19) 1 мамыр 2015 жыл

4 мамыр - 10 мамыр

4 мамыр, дүйсенбі

 **ҚАЗАҚСТАН**

07.00 «Таңшолпан»
10.00 Апта
11.05,21.05 Айтуға оңай
11.45 «Қыздар»
12.30, 17.30, 20.30, 23.40, 03.00 Жаңалықтар
12.45,17.00,22.40 Ұлы Жеңіске – 70 жыл
12.45,01.40 Дауа
13.25 Білгірлер бәйгесі
14.15 «Ақсауыт»
14.50 Мультсериал
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 «Келін» Т/с
17.50 Өзекжарды
18.10 «Айналайын»
19.00 «Заң және біз»
19.35 «Қыздар»
21.50 «Көк тарландары»
23.30 Сіз не дейсіз?
00.50 Футбол

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00 Жеті күн
11.00 Драма
11.35 Мен көрген соғыс
11.45 Магия кухни
13.00,17.00,20.00 Жаңалықтар
10.15 Незабытые истории
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.00,18.00,21.00 Новости
15.15,23.35 Бұйымтай
11.55 Док. фильм
16.25 Телесериал
17.15 Көзқарас
17.45,18.15 Қызық times
19.00 ТВ Бинго
20.30 Арнайы хабар
21.30 Телесериал
22.00 Телесериал
22.50 «Жекпе-жек»

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.25 101 кеңес
09.05 Кино
11.00 Худ. Фильм
12.00 «Ду қол шоколад»
12.55,20.00 Телесериал
13.20,02.35 Ашығын айтқанда
14.10,01.50 Паутина
14.30 Худ. фильм
15.30 112
15.40 Судебные истории
16.45 Давай поженимся!
17.50 Пусть говорят
18.55 «Наша война»
20.00 Новости
22.20 Телесериал
23.55 Телесериал
23.55 Концерт Д.Билана
03.30 Контрольная закупка

5 КАНАЛ

06.30-09.30 «Таңертеңгілік «5-арнада»
13.00 Вести-недели
06.40,07.10,08.45 «Дәмдес болайық»
07.00 Апта репортажы
07.50,14.35,18.00,22.40 Рекламный визит
08.15 Наши дети
08.20 Время творить
13.00 Вести недели
14.45 Жақсылардан ғибрат
15.05 Док. Фильм
15.45 Моя Караганда
16.15 «Диалоги о животных»
17.10 Сам себе режиссер
18.10 5 арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
19.35,21.40 Шарайна
20.00,22.00 Новости
20.40 Вести Россия
21.00 Будем здоровы
21.25 Военная программа
22.50 Худ. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

09.00 Мережелік концерт
11.10 Қуырмаш
11.45 Күлегеш
12.00 Телесериал
13.00,17.50,22.00 Жаңалықтар-Новости
18.30 2050
19.00 Ойталқы
19.35 Руханият
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.45,22.45 Уақыт. кз
21.10 Телесериал
23.10 Кино

5 мамыр, сейсенбі

 **ҚАЗАҚСТАН**

07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.50 «Көк тарландары»
10.55,21.05 Айтуға оңай...
11.40,19.30 Телесериал
12.30, 17.30, 20.30, 23.40, 02.45 Жаңалықтар
12.45,17.00,22.40 Ұлы жеңіске – 70 жыл
12.45 Спорт
13.10 «Алаң»
14.00,00.55 Сыр-сұхбат
14.30 Мультфильм
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 «Келін» Т/с
17.50,00.35 Өзекжарды
18.10 «Айналайын»
19.05 Қылмыс пен жаза
23.30,02.25 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен
01.25 Телесериал
02.05 Жарқын бейне

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,23.30,01.00 Жаңалықтар
10.15 Мультсериал
10.50 Мен көрген соғыс
11.00,15.00,18.00,21.00,00.00 Новости
11.15,00.05 Драма
11.45 Магия кухни
12.20 Незабытые истории войны
12.15 Телесериал
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,23.20 «Бұйымтай»
15.55 Драма
16.30 Телесериал
17.15 Көзқарас
17.45 «Экономкласс»
18.15 Телесериал
19.00 Біздің үй
20.30 Бюро расследований
22.15 Телесериал
23.00 «Арнайы хабар»

ЕУРАЗИЯ

06.00,19.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. фильм
12.00 Ду қол шоколад
12.55,20.00 Телесериал
13.20,02.35 Ашығын айтқанда
14.10 Паутина
14.30,15.00 Телесериал
15.00 112
15.40 Судебные истории
16.55 Давай поженимся!
17.50 Кино
18.50 Пусть говорят
18.55 «Наша война»
20.00 Новости
22.20 Телесериал
23.45 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30 Таңертеңгілік «5-арнада»
06.30,20.40 Вести-Россия
07.00,19.30,21.40 Шарайна
07.35 Дәмдес болайық
07.50,14.35, 18.00, 22.40 Рекламный визит
08.00,13.00 Новости
08.30 «Наши дети»
14.00 Ветераны Карагандинского угольного бассейна
14.15,17.45 Азия айнасы
14.35 «Прямой эфир»
16.00 «Сау болайық»
16.10 Телесериал
17.00 «Менің шындығым»
18.10 Моя Караганда
18.10 5-арнадағы ән-әуен + TV – ЧАТ
18.30 В ритме нашего города
19.00 Ваш день
21.00 «Моя планета»
22.50 Худ. фильм
01.00 Әуенді Қазақстан + TV – ЧАТ
02.30 Док. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00, 10.00, 13.00, 17.50, 20.00, 22.00 Жаңалықтар-Новости
07.55, 13.20 Әсем әуен
08.50 Телесериал
10.45. 20.45, 22.45 Уақыт.kz
11.10 «Ойталқы»
11.40 Руханият
12.05 Телесериал
18.30 Дневник памяти
18.50 «Мәңгілік мұра»
19.00 «Жаңғырық»
19.30 «Уроки истории»
21.00 Телесериал
23.10 Телесериал

6 мамыр, сәрсенбі

 **ҚАЗАҚСТАН**

07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.50 «Көк тарландары»
10.55,21.05 Айтуға оңай
11.40,19.30 Телесериал
12.30,17.30,20.30,00.00,03.00 Жаңалықтар
12.45,22.40 Ұлы жеңіске – 70 жыл
12.55 Заң және біз
13.35 Қылмыс пен жаза
14.00 Поэзия әлемі
14.25 Мультфильм
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 Келін» Т/с
17.00 Жеңіске – 70 жыл
17.45,23.45 «Өзекжарды»
18.10 «Айналайын»
19.10 Қуатты әскер – қуатты Қазақстан
23.30,02.30 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен
01.10 Ұлт маұтанышы
01.40 Ас болсын!

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,00.00,01.30 Жаңалықтар
10.15 Мультсериал
10.50 Моя история войны
11.00,15.00,18.00,21.00,00.30 Новости
11.15,00.35 Драма
11.45 Магия кухни
12.220,17.50 Незабытые истории войны
12.30,21.30 Телесериал
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,23.50 «Бұйымтай»
15.45 Драма
16.25 Телесериал
17.15 Көзқарас
18.15 Телесериал
19.00 Біздің үй
20.30 100 бизнес- истории
22.00 Телесериал

ЕУРАЗИЯ

06.00,19.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. фильм
12.00 «Ду қол шоколад»
12.55,20.00 Телесериал
13.20,02.35 Ашығын айтқанда
14.10 «Паутина»
14.30,15.00 Телесериал
14.50 112
15.40 Судебные истории
16.55 Давай поженимся!
17.50 Пусть говорят
18.55 «Наша война»
20.00 Новости
22.20 Телесериал
23.55 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30,20.40 Вести-Россия
07.00,10.00,19.35,21.35 Шарайна
07.35 Дәмдес болайық
08.00,13.00 Новости
08.30 Наши дети
08.35 Время творить
14.15 Эколайф
14.35 Прямой эфир
16.10 Док. фильм
17.00 Азия айнасы
19.00 Ваш день
21.05 «Моя планета»
22.50 Худ. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,10.00,13.00,17.50,22.00 Жаңалықтар-Новости
08.50 Телесериал
09.45 Мультфильм
10.45 Уақыт.кз
11.05 «Жаңғырық»
11.35 Уроки истории
12.00 Телесериал
18.30 Заң және заман
19.00 Прямой эфир
19.35 2050
21.00 Телесериал
23.00 Кино

7 мамыр, бейсенбі

 **ҚАЗАҚСТАН**

07.00 «Таңшолпан»
10.00,21.50 Көк тарландары
10.50 «Ұлы Жеңіске – 70 жыл»
11.00,21.30 Қазақстан Республикасы қарулы күштерінің әскери парады
12.00 Ұлттық шоу
13.00,17.00,22.40 Ұлы Жеңіске – 70 жыл
13.10 Агробизнес
13.30 Док. фильм
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 «Келін» Т/с
16.05 Концерт
17.00,20.30,00.00,03.00 Жаңалықтар
17.50,00.35 Өзекжарды
18.10 Концерт
19.35 Айтуға оңай...
21.05 Қуатты әскер – қуатты Қазақстан
23.30,02.00 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен
01.25 Патриоттық әндер
02.00 Мәлім де беймәлім Қазақстан

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,00.00 Жаңалықтар
10.15 Айбын
11.00,21.30 ҚР Қарулы күштердің Жауынгерлік парады
12.00 Концерт
13.15 Док. фильм
13.45 Телесериал
15.00,18.00,21.00,00.30 Новости
15.15 Кино
17.15 Арнайы хабар
17.45 Моя история войны
18.15 Концерт
20.30 Худ. Фильм
22.10 Жігіттер «Құстармен сырлас»
00.10 Телесериал

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
07.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
09.00 Кино
11.00 Фабрика грез
11.35,23.45 «Лучший город»
11.50 Военный парад
13.30 Ашығын айтқанда
14.30 Худ. Фильм
18.55 «Наша война»
20.00 Новости в 20.00
22.20,02.50 Телесериал
23.55 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30,20.30 Вести-Россия
07.00 Шарайна
07.35 «Дәмдес болайық»
08.00,13.00,20.00,22.00 Новости
14.00 Моя караганда
14.35 Прямой эфир
15.40 Будем здоровы
15.50 «Жақсылардан ғибрат»
15.35 Телесериал
17.00 Менің шындығым
17.45 Азия айнасы
19.00 Ваш день
22.40 Худ. Фильм
00.25 Әуенді Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

10.00, 13.00, 17.50, 20.00, 22.00 Жаңалықтар-Новости
11.05 Прямой эфир
11.40 Заң және заман
12.00,18.00 Концерт
14.00 Концерт
15.10 «Жас Ұлан»
15.30 Күлегеш
16.00,22.00 Телесериал
18.35 ДАТ
19.00 Шаңырақ
19.35 Я здоров!
19.55 Патриоттық әндер кеші
20.40 Отбасы құндылықтары
21.05 Телесериал



4 мамыр - 10 мамыр

8 мамыр, жұма



07.00 «Таңшолпан»
10.00 Көк тарландары
10.55 Айтуға оңай...
11.40,19.35 Қыздар
12.30,17.30,20.30,00.30,03.00 Жаңалықтар
12.40 Иман айнасы
13.05 Көкпар
13.50 Док. фильм
14.15,17.00,22.25 Ұлы Жеңіске – 70 жыл
14.45 Баламен бетпе-бет
15.05 Әйел бақыты
16.00 Н.Тілендиевтің туғанына – 90 жыл
17.50 Өзеккарды
18.10 «Дариға, сол қыз...»
19.00 Менің Қазақстаным
21.05 Айтуға оңай...
22.35 Телесериал «Қасым»
01.05 Худ. Фильм
02.35 Иман айнасы

ХАБАР

07.00 Айтумар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,01.00,02.30 Жаңалықтар
10.15 Мультфильм
11.00,15.00,18.00,21.00,01.30 Новости
11.15 Драма
11.45 Магия кухни
12.20 Незабытые истории войны
12.25,18.15 Телесериал
13.15 Док. фильм
13.55 Телесериал
15.15 «Бұйымтай»
15.55 Драма
16.25 Ұлт саулығы
16.50 Мен көрген соғыс
17.15 Бармысың бауырым?
19.05 Орталық хабар
20.30 Худ. фильм
21.30 Телесериал
23.50 Кино
02.55 Арнайы хабар

ЕУРАЗИЯ

06.00,19.00 Телесериал
07.00 Доброе утро
11.00 Худ. Фильм
12.00 «Ду қол шоколад»
12.55 Жұма уағызы
13.10,01.55 Ашығын айтқанда
15.35 Худ. Фильм
16.40 «Жди меня»
17.50 Поле чудес
18.55 Наша война
20.00 Сегодня вечером
22.25,02.40 Телесериал
23.50 Худ. Фильм

5 КАНАЛ

10.00,19.35,21.35 Шарайна
10.50,08.40 Дәмдес болайық
11.10 Эколайф
11.30 Жастар
12.00 Ғажайып адам
12.30 Ислам: Сауалдар мен жауаптар
13.00 Не жизнь, а праздник
13.50,14.35,18.00,22.40 Рекламный визит
14.00 Худ. Фильм
15.40 Док. фильм
16.40 Планета собак
17.20 Концерт
18.30 В ритме нашего города
19.00 Ваш день
19.35,21.30 Худ. Фильм
23.20 Док. фильм
00.15 Әуенді Қазақстан + TV - ЧАТ

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

10.00 Мультфильм
11.05 Шаңырақ
11.40 «ДАТ»
12.00 Телесериал
13.00,17.50,22.00 Жаңалықтар-Новости
18.30 Руханият
19.00 Бумеранг
19.35 Жеңіс солдаты
21.00 Телесериал
23.10 Телесериал

9 мамыр, сенбі



07.00 Концерт
08.10 Қымызхана
08.40 Агробизнес
09.00 «Субботалық ТАҢ»
10.05,02.40 Дауа
10.40,12.50,17.50,20.15 «Қлы Жеңіске – 70 жыл»
10.55 Док. фильм
11.30 Ұлттық шоу
12.20 Док. фильм
13.00 Білгірлер бөйгесі
13.45 «Дариға, сол қыз...»
14.40,22.35 «Қасым» Т/с
16.35 Біз соғысты көрген жоқпыз
17.00 Жеңіске – 70 жыл
17.30,20.30,00.30,03.15 Жаңалықтар
18.00,01.05 «Текті қазақ, «Темір» Генерпл
18.30 С.Медеуовтің ән кеші
21.00 Шын жүректен!
01.35 Худ. Фильм

ХАБАР

07.05 Концерт
08.10 Бармысың, бауырым!
08.55 Худ. Фильм
10.15 Моя история войны
10.30,19.25 Незабытые истории войны
10.40 Концерт
12.05 Худ. Фильм
12.40 Орталық хабар
13.35 Док. фильм
14.05 Концерт
15.55,19.30 Мен көрген соғыс
16.10,22.00 Телесериал
18.05 Кино
19.05 Бенефис шоу
21.00 Жеті күн
22.45 Худ. Фильм
00.30 Телесериал

ЕУРАЗИЯ

06.00 101 кеңес
06.20 Худ. фильм
08.50,21.30 Жаңалықтар
09.00 «День Победы»
12.00 Парад
13.15 Худ. Фильм
16.00 Телесериал
19.05 «Наша война»
20.30 «Лучший город»
21.30 Кешкі кездесу
22.55 Худ. Фильм

5 КАНАЛ

10.05 Дәмдес болайық
10.30 «Өмір ережесі»
11.10 Сыр сандық
11.40 «Нольден бастап»
11.55 Ислам: сауалдар мен жауаптар
12.30 Қазақ тілін үйренейік
13.00 Мусульмане
13.15, 18.20, 22.40 Рекламный визит
13.25 Субботник
14.00 «Будем здоровы»
14.20 Комната смеха
14.30 Планета собак
15.00 Специальный корреспондент
16.40 Концерт
18.30 5-арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
19.30 Городок
20.20,22.30 Худ. фильм
23.45 Әуенді Қазақстан
02.30 Док. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

09.00 Әсем әуен
10.00 Арнайы репортаж
11.05 Я здоров!
11.30 Док. фильм
12.00,17.35 Майдан әндері
14.00 «Жансарай»
15.00 Дневник памяти
15.20 «Азаткер»
16.00,21.00 Ұлы Жеңіске – 70 жыл
16.10 Худ. Фильм
18.00 Бумеранг
18.35,21.20 Жеңіс солдаты
19.00 «Эхо»
19.30 «Руханият»
19.55 Жайдарман Қарағанды
21.45 Это наша с тобой биография
22.15 Худ. фильм

10 мамыр, жексенбі



07.00 Концерт
08.00 Қымызхана
08.30 Ақсауыт
09.00 Бүгін Воскресенье
10.30 Баламен бетпе-бет
11.00 Концерт
11.50,14.30,18.00,19.45,00.05 Ұлы Жеңіске – 70 жыл
12.00 Келбет
12.30 Айтыс
14.40 Телесериал
16.35 Әскери әндер
17.30 Жеңіске – 70 жыл
18.15 Концерт
20.00, 00.00 АПТА.KZ
21.05 Әзіл әлемі
23.05 «Алаң»
00.20 Кино
01.45 Көкпар

ХАБАР

07.00 Концерт
08.00 Продвопрос
08.30 Айбын
09.00,10.00 Жеті күн
11.20 Кино
12.55 Концерт
14.10 Худ. Фильм
15.55 Бенефис-шоу
17.15 Телесериал
18.00 Ардагерлер ардақты
19.00 Мен көрген соғыс
19.15 Док. фильм
19.50 Қызық times
21.00 Жеті күн
22.00 Концерт
23.40 Худ. Фильм
01.20 Телесериал

ЕУРАЗИЯ


06.00 Жаңалықтар
06.30 Телесериал
08.10,03.05 «Қылмыстық іс №»
08.45 «Воскресные беседы»
09.00 Новости
09.10 Песни о войне
10.10 «Казлото»
10.45 «Лучший город»
11.55 «Кешкі кездесу»
13.05 Караоке такси
13.40,03.15 101 кеңес
14.05 «Ән дария»
15.15 Худ. Фильм
21.00 Аналитика
23.05 Концерт

5 КАНАЛ

10.00 Шарайна
10.40 «Жақсылардан ғибрат»
11.15 Азия айнасы
11.35 Время творить
12.00 Утренняя почта
12.30, 17.30, 22.20 Рекламный Визит
12.40 Сто к одному
13.30 Танцы со звездами
16.30 Планета собак
17.00 Мир православной духовности
17.40, 21.55 Прогноз погоды
17.45 «Сайгез»
18.15 5-арнадағы ән-әуен + TV-ЧАТ
19.00 Ваш день
19.30 Честный детектив
20.00 Худ. Фильм
21.50 «Сау болайық!»
22.05 Худ. фильм
23.50 «Әуенді Қазақстан» +TV-ЧАТ
02.30 Деректі фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

10.00,21.00 «Ұлы Жеңіске – 70 жыл»
10.20,15.30 Жеңіс солдаты
10.40 «Это наша с тобой биография»
11.10 Жайдарман Қарағанды
12.15 Худ. Фильм
13.35,20.35 Дневник памяти
14.00 Концерт
16.00 Наркомовский обзор
18.00 Шаңырақ
18.35,18.50 Заң және заман
19.00 Апта
20.00 «Ойталқы»
21.20 «Халқының даңқты батыры»
22.05 Телесериал




Сенбілік

№3 қалалық аурухана алдындағы шағын саябақ іші күл-қоқыстан көрінбейді, мұнда сынған ағаш бұтақтары да, түрлі тұрмыстық қалдықтар үнемі шашылып жатады. Осыны ескеріп, қаламыздағы он бір орта мектеп пен үш кәсіби колледж оқушылары бас қосып, экологиялық акция өткізді. Оның түпкі мақсаты – қала ішіндегі бей-берекет жатқан қоқысты тазалау арқылы экология проблемаларын шешуге жұртшылықтың назарын аудару болатын. Сәуірдің соңғы күндерінде өткен бұл сенбілікке жетпістен аса жас қатысты. Екі сағаттың ішінде олар саябақ ішіндегі тұрмыстық қалдықтарды жинап, пакеттерге салып, сыртқа шығарды. Бір айта кетерлігі, жастар бірнеше командаға бөлініп жұмыс істеді, өзара жарысқа түсті, соның нәтижесінде мұндағы жұмыс қызып, сапалы әрі тиянақты жүргізілді. Осы игілікті іске басшылық жасаған жастармен жұмыс жөніндегі орталық жетекшісі Айнагүл Абдрахманова қаланың мұндай күл-қоқысқа толы проблемалық аймақтарын тазалау дәстүрлі іске айналғанын жеткізді.

– Экологиялық сенбілік бірнеше күнге созылды, алғашқы күні аурухана алдындағы саябақты, сосын Мичурин көшесі бойындағы біраз жерді, орталық стадионның артқы жағын және Республика даңғылындағы №103 үй маңайын тазаладық. Мектеп оқушылары мен колледж студенттерінің осындай игілікті істерінің нәтижесінде қыстан қалған күл-қоқыс біршама азайып, қала келбеті көркемделе түсті. Жастарды ынталандыру үшін олардың өзара жарысқа түсуін ұйымдастырдық. Бірнеше командаға бөлініп, ең жылдам әрі сапалы жұмыс істегендері дипломмен марапатталды. Бұл ретте №6 , №10 мектептер мен №1 қалалық гимназия оқушыларының белсенділігін ерекше атап өтуге болады. Белсенді еңбегімен көзге түскен командаларға сыйлық ретінде флешка берілді, – дейді жастар жетекшісі.

Өз тілшімізден



Қауіпсіздік

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ компаниясы өндірістік табыстармен қатар ең бастысы адам өмірі, оның денсаулығы, қауіпсіздігі деген қағидатты назарда ұстап келеді. 2007 жылдан бастап мұнда жыл сайын денсаулық пен еңбекті қорғау күні дәстүрлі түрде өтіп жүр. Бір ерекшелігі, оның тақырыбы да өзгеріп тұрады. Биылғы жылы ол «Бәріміз бірге қауіпсіз еңбек үшін» деген ұранмен өтуде. Адам – басты құндылық деген талапты берік ұстанатын осы компанияның бас директоры Виджай Махадеван өз сөзінде қауіпсіздік үшін барлық мамандар, жұмысшылар қолдан келгеннің және ішкі мүмкіндіктер мен резервтердің толық қолданылатынын айтты.

– Қауіпсіздік – бұл басшыға да, жұмысшыға да ортақ міндет, біз адамның дені сау, жұмысқа қабілетті, өнімділігі жоғары болуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз. Өйткені, табыстың өзі сол адамдардың күш-қуатымен, біліктілігімен келеді. Биылғы 28 сәуір – денсаулықты және еңбек қауіпсіздігін қорғау күніне біз үлкен дайындықпен келдік. Комбинаттың барлық цехтарында, бөлімшелерінде қауіпсіздік жағдайы талқыланып, сарапталып, ең үздік учаскелер, бригадалар, бөлімшелер анықталатын конкурстар өткізіліп, жеңімпаздар анықталды. Іс жүзінде бұл шаралар тек 28 сәуірде ғана емес, оның алдында бір апта бұрын басталып кетті. Сөйтіп, осы істе елдің назарын аударудың сәті түсті деп ойлаймын, – дейді бас директор.

Иә, өндіріс қауіпсіздігі – табыс кепілі, ең бастысы адамның өмірін сақтау үшін жасалатын іс-шаралар, дегенмен оның талаптары барлық уақытта орындала бере ме? Өкінішке орай, осы жылдың бірінші тоқсанында адам өміріне залалын келтірген бір жағдай орын алды, ал былтыр болат департаменті төрт оқиғаны тіркеді. Сондықтан қауіпсіздік тәртібін тек инженерлер, мамандар ғана айтып қоймай, оны барлық ұжым болып есте ұстап, үнемі сақтау қажет. Ол үшін жұмысқа деген көзқарасты түбірімен өзгерткен жөн. Компанияда еңбек етуші болсын, немесе мердігерлік ұйым жұмысшысы болсын, заводтың өте күрделі механизмдерден тұратынын есте ұстауы керек, қауіпсіздік стандарттары мүлтіксіз сақталуы тиіс.

Комбинаттың табалдырығынан аттаған әрбір адам өзінің және қасындағылардың өмірі өзіне байланысты деген қағидатты ұстаса жөн болар еді. Егер қандай да бір адам жарақат алып қалса, ол ұжымға да, жақындары мен туысқандарына да әсер етеді. Өзін жұмыстан отбасы, бала-шағасы күтіп отыр дегенді ешқашан естен шығармау керек. Міне, осындай жағдайларды есте ұстағанда ғана қауіпсіздік әрдайым талапқа сай болады.


Комбинат басшылары, мамандар әрбір бөлімшелерде кездесулер өткізген кезде өндірістің көрсеткіштері бойынша әңгіме қозғап, алдымен қауіпсіздік мәселесіне назар аударады. Жұырда домна цехында 35 домнашыға «Сіздер газ сараптаушыны қолданасыздар ма?» деген сауал берілді. Сонда бірі «Осында отыз сегіз жыл жұмыс істеп келемін, газдың иісін бірден сезем, сондықтан маған мұндай құралдың көрегі жоқ» деп жауап берген көрінеді. Әрине, тәжірибе, сезімталдық бір басқа. Бірақ арнайы құрал ол қауіпсіздікті жүз пайыз сақтау үшін таптырмайтын көмекші. Сондықтан жаңа технологияларды қолданудан ешкім де қашпауға тиіс. Оның үстіне зиянды газды бірден сезбей қалу әбден мүмкін. Ал бұл өте қауіпті. Сондықтан орынсыз сенімділіктен гөрі, қауіпсіздікке байланысты барлық шараларды мұқият сақтау керек. «Біз көптен бері осылай еңбек етіп келеміз, сондықтан өмірлік тәжірибеміз бізді алдамайды» дейтін жұмысшылар аз емес. Мұндай көзқарасты түбірімен өзгерткен жөн.

Статистика мәліметтеріне сүйенсек, жыл сайын металлургия өндірісінде бес адамның өміріне қауіп төнеді екен. Ал бұл орны толмас шығын, сондықтан «АрселорМиттал Теміртау» өндірісінде «Батыл көшбасшылық» жаңа бағдарламасы енгізілді. Бұл енді әркімнің жеке қауіпсіздігімен бірге басқалардың да аман-есен болуын қадағалайтын үлкен іс. Ол қауіпсіздікті қалай сақтаудың түрлі жолдарын үйретеді. Сол арқылы жалпы жағдай жақсара түседі. Қазіргі кезде компания біршама қаржылық қиындықтарды бастан кешіріп отыр. Ағымдағы және әкімшілік шығындармен қатар түрлі бағдарламалардың да кешіктіріліп жатқаны мәлім. Дегенмен басшылар еңбек жағдайын жақсарту, қауіпсіздікті мұқият жақсарту бағдарламаларына бөлінген қаражатты азайтқан жоқ. Мұның өзі Қазақстандағы «АрселорМиттал Теміртау» кәсіпорындарының денсаулыққа және еңбек қауіпсіздігіне ерекше жоғары мән беретінін көрсетеді.

– Алда тұрған мақсат – жарақат алудың нөлдік деңгейіне қол жеткізу. Сондықтан әрбір жұмысшы, техник, инженер маман еңбек қауіпсіздігін бірінші сатыға қоюы керек. Алдағы уақытта жұмысшылардың отбасы мүшелерімен кездесіп, олардың да комбинаттағы қауіпсіздікті, өздерінің осында жұмыс істейтін асырушыларының амандығы, қауіпсіздігі маңызды екендіктерін сезінулері туралы әңгіме қозғайтын боламыз, – дейді компания мамандары.

Ұжыммен кездесу кезінде «АрселорМиттал Теміртау» АҚ бас ди-

Адам өмірі – басты құндылық



... өйткені денсаулық пен қауіпсіздік үшін тәуекел тудыратын факторларды анықтау, бағалау және олардың алдын алу керек!

... потому что необходимо определять, оценивать и исключать факторы, представляющие риск для здоровья и безопасности!

ректоры өзінің әңгімесін ылғи да: «Адам өмірі ең басты байлық, осыны әркім мұқият есте ұстауы керек» деп бастайды. Бұл шын мәнінде де солай. Адам – басты байлық және оның саулығы өндірістің де басым бағыты.

Кеше биылғы денсаулық және еңбекті қорғау күні іс-шаралары қорытынды мәреге жетті. Алдымен ЛПЦ-3 цехында осы шараға байланысты салтанатты митинг өтіп, онда өндірістегі қазіргі жағдай туралы айтылды. Шағын емханада дәрігерлер тегін қызмет көрсетті, мұны жұмысшылар өте ықыласпен қабылдады. Бірі қан қысымын өлшетсе, бірі өздерінің жалпы денсаулығы туралы кеңестер сұрады. Енді біреулері электрокардиограмма жасатуға асықты. Ал

осындағы фельдшер пунктінде қан тапсыру шарасы өтті. Бұл күні жаңа медициналық қондырғылардың тұсауы кесілді. Денсаулық алдымен шынығуға қатысты екенін түсінген металлургтер «АрселорМиттал» спорт кешенінде түрлі жарыстар өткізді. Жалпы, цехтық конкурстарда жеңіске жеткен жұмысшылар мен қызметшілерді марапаттау рәсімі болды. Мұндай шаралар келесі күні де жалғасты. «АрселорМиттал» халықаралық баспасөз орталығында денсаулықты және еңбек қауіпсіздігі күніне арналған салтанатты жиын болып, онда осы салаға белсене атсалысқан үздіктер, жеңімпаздар марапатталды.

Р. ЖАҚЫПҚЫЗЫ



Озат тәжірибе

Үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсаны қорытындысы бойынша компания басшылығы конвертор цехы ұжымының тың табыстарға жеткенін үлкен мақтанышпен жария етуде. Шын мәнінде бұл ауыз толтырып айтарлық табыс – бірінші тоқсанда болат қорытушылар футеровканың тұрақтылығын ұлғайтып, бес мың балқыма алуға қол жеткізді.

Алғашқы жылдары конвертор цехы жылына бар болғаны үш жүз ғана балқыма алатын, өйткені футеровка деп аталатын

Конверторшылар алда

басты бөлшек тез тозып, оны жиі-жиі ауыстырып отыру қажет болушы еді. Әрине, ол кезде технология әлі жетілмегендіктен, бұған да қанағат еткен. Уақыт өте келе конверторшылар футеровканың мықтылығын барынша ұлғайтуға қол жеткізді. Осыдан бірер жыл бұрын 2500-3000-ға дейін балқыма жасалып жүрді, ал биылғы көрсеткіш болат балқыту өндірісіндегі нағыз рекорд десе де болады: бірінші тоқсанда бірінші конвертор бойынша 5027, ал үшіншісі бойынша 5019 балқыма жасалды.

– Біз бұл табысқа бірнеше тың технологияларды тәжірибеде қолдану арқылы қол жеткіздік. Ол үшін шлақтың құрамындағы магнийді он пайызға дейін арттырдық және осы бөлшекті күтудің кешенді жүйесі игерілді, – дейді конвертор цехы бастығының орынбасары Г.Овсянников.

Осындай жоғары табысқа қол жеткізе отырып, мамандар конверторды жөндеудің санын қысқартуға да қол жеткізген. Бұған дейін әрбір агрегат жылына бес ретке дейін


жөнделетін болса, қазір бұл көрсеткіш үшке дейін азайды. Мамандар бір конвертордың футеровкасы 1 млн. доллар тұратынын айтады. Ал отқа төзімді кірпіш сатып алуға бес млн. доллар кететін, мұның сыртында басқа да шығындар бар. Қазір әлі кірпіштердің бір тоннаға кететін шығыны екі келіге азайтылған. Сөйтіп, компания бес мың балқыма жасау кезінде миллиондаған кірпішті үнемдеп отыр. Бұл өте жақсы көрсеткіш. Соның нәтижесінде кететін шығын көлемі азайып, болаттың өзіндік құны арзандады. Конверторшылар қол жеткенге тоқмейілсуді білмейтін еңбекқор жандар. Олар енді жаңа міндеттеме алып отыр. Келешекте футеровканың шыдамдылығын күшейту арқылы жеті мыңға дейін балқыма жасау белгіленді. Бір қарағанда бұл мүлде мүмкін емес сияқты, бірақ бір кездері бес мыңның өзі қол жетпестей көрінген еді. Ол қамал алынды, олай болса жеті мың балқыма алар күннің де келері сөзсіз. Бұл жай құрғақ әңгіме емес, мамандар оны есептеп шығарды. №3 конвертор күрделі

жөндеуден өткен кезде бұл межені де игеруге болады.

Конверторшылардың қол жеткен табысы компания әкімшілігі тарапынан ескерусіз қалған жоқ. №1 конвертор ұжымы ақшалай сыйлықпен марапатталды.

– Бұл компанияның басқа цехтарына үлгі боларлық үлкен табысы, өнімнің өзіндік құнын арзандататын мұндай жаңашылдық қолдауға тұрарлық. Технологиялық тәртіп пен іскерлік осындай табысқа жеткізіп отыр. Егер бес мың балқыма табыстың ең биігі деп есептегенде, мұндай өзгеріс болмас еді. Ал конвертиолршылар болса, қол жеткенді місе тұтқан жоқ, одан да биікке жеткісі келіп отыр. Әрине, ол мақсатқа да жетеміз, – дейді компанияның атқарушы директоры Иво Хмелик.

Өз тілшімізден



Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 100 жыл

Осылай аталған іс-шара тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығында болып өтіп, оған орта мектептердің тарих және қазақ тілі пәні мұғалімдері мен оқушылар, сонымен қатар тыл еңбеккерлері қатысты.

Ерліктің шынары – ұрпақтың жыр-әні

– Әрине, жас ұрпақты нағыз ұлтжанды етіп тәрбиелеу үшін аға ұрпақ өкілдерінің өмірі мен еңбек жолдарын насихаттаудың әсері мол. Бұл ретте халқымыздың аяулы перзенті, филология ғылымының докторы, КСРО батыры, майдангер-жазушы Мәлік Ғабдуллиннің тандаулы тектен тек емес. Үстіміздегі жылы жүз жасқа толып отырған батыр туралы айту да, оқу да қандай қызық болса, одан алатын әсер мен тәлім-тәрбие де өз алдына бір бөлек. Сондықтан жастарды соғыс ардагерлерін құрметтеуге, елі мен жерін сүйуге, патриот етіп тәрбиелеуге мұндай шараның ықпалы мол деп есептеймін, – дейді «Халықтар достығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ілияс Баймұрзаев.

Алдын-ала дайындалған кітап көрмесін тамашалаған қатысушылар үлкен экраннан Мәлік Ғабдуллиннің мұражайы туралы деректі фильм тамашалап, батыр бабаның туған жері мен өскен ортасымен танысты. Ал қаламыздағы №4 қазақ орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Айжан Жақыпбекова «Мәлік Ғабдуллин – әдебиет зерттеушісі» деген тақырыпта баяндама оқып, көптеген мәліметтерді ортаға салды. Мұнан кейін №2 орта мектептің Максат Тұрымов деген оқушысы Иса



Байзақовтың «Мәліктің сипаты» атты өлеңін оқып берді. Мұнан басқа да жырлар мен естелік хаттар оқылды, №8 мектеп оқушысы Әлімхан Дархан, 9 сынып оқушысы Үсайынов Досым, Бауыржан Әбдіқадіров белсенділік танытып, ән-жырға кезек берді.

Жиын соңында қатысушыларға алдғыс хаттар табысталды.

Өз тілшімізден



Жемқорлыққа қарсы күрес

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап, құқықтық мемлекет құрудың негізгі алғышарттарын іске асыра бастады. Қоғамдық қатынастардың демократиялық құндылықтары аясында реттелуін қамтамасыз ету мақсатында өмірдің әрсаласын қамтыған заңнамалық актілер қабылданды. Соның бірі тәуелсіз еліміз үшін маңызды рөл атқарған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының қабылдануы еді.

Аталған заңнама қоғамдағы сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау мен оның алдын-алуға негіз болды. Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жаңа бір деңгейге көтерілді.

Өткен жылдың соңында Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған с ы б а й л а с жемқорлыққа қарсы стратегиясы қабылданды. Аталмыш құжат – осы маңызды мәселелер бойынша еліміздің қағидаттық ұстанымын білдіретін басты стратегиялық бағдары ретінде мемлекеттің алдағы жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізі екенін айқындап берді.

Құжатта сыбайлас жемқорлық деңгейін түбегейлі қысқартуға, мемлекет пен қоғам өмірінің түрлі салаларында оны тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға қабілетті кешенді шараларға басымдық беріліп отыр. Яғни, басты назар сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күреске емес, оның алғышарттарын жоюға аударылды. Бұл жұмысты нәтижелі жүргізуде құзыретті мекеме азаматтық қоғам институттарына иек артады. Мемлекеттік қызметтегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейін азайту үшін шенеуніктердің еңбекақысы мен әлеуметтік жеңілдіктерін мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерінің кеңеюіне қарай одан әрі кезең-кезеңімен жоғарылату көзделген. Сыбайлас жемқорлық көріністері үшін алғы шарттың бірі ретінде шенеуніктің азаматпен тікелей байланысының болуы да есепке алынады. Осыған байланысты бірқатар мемлекеттік міндеттерді мемлекеттік емес секторға – өзін-өзі реттейтін ұйымдарға кезең-кезеңімен беру бойынша шаралар қабылданбақ.

Сыбайлас жемқорлық профилактикасының пәрменді тетігі – қоғамдық бақылау. Мұндай бақылауды енгізу азаматтық қоғам институттарын жандандыруды ғана емес, тиісті заңнамалық реттеуді де талап етеді. ҚР «Қоғамдық бақылау туралы», «Жария ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заңдардың қабылдануы азаматтық бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың базалық қағидаларын нормативтік- құқықтық бекіту арқылы алғашқы рет оның біртұтас жүйесін құруға мүмкіндік берері сөзсіз.

Осы Стратегияда көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар кешені жұртшылықтың кең қатысуымен сүйемелденуі тиіс. Мемлекет пен қоғамның тығыз серіктестігі ғана сыбайлас жемқорлыққа табысты қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Қоғамда жемқорлыққа орын жоқ



Осы тарапта Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті жанындағы Тәртіптік және Қоғамдық кеңестері жұмысын ерекше атап өтуге болады. Бүгінде облысымыздың мемлекеттік мекемелер мен бұқаралық ақпарат құралдары басшыларынан, ең белді қоғам қайраткерлерінен тұратын кеңестер өлкеміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызметшілердің арнамыс кодексін сақтау, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау мәселелеріне өз шегінде қатысып, бұл қажырлы жұмыстың жүргізілу барысына бірталай ұсыныстар мен ұсынымдарды енгізіп, халық мүддесін білікті білдіруде.

Дегенмен қоғамның қолдауынсыз жоғарыдан жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар тек ішінара нәтиже береді. Қарағанды облысындағы азаматтық қоғам институттарын тұрғындарда сыбайластық жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға шақырамын. Қоғамдық кеңес жұмысына қатысу Сіздерге өлкеміздің әрбір тұрғынының сыбайлас жемқорлықпен жанаанбас күресіне қосатын үлесін жүзеге асыруға құқық береді.

Сыбайлас жемқорлыққа деген төзбеушілік әрбір қазақстандықтың азаматтық ұстанымына, ал Адалдық пен Әділдік мінез-құлық нормасына айналуы тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту курстары барлық оқу орындарын, мемлекеттік органдар мен тұтастай алғанда барлық азаматтық қоғамды қамтуы қажет. Бұл жұмысты азаматтардың мемлекеттік қызметтерді пайдалану, өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау тетіктерін түсінікті және білікті жеткізетін түрлі салалардың мамандарын қолдана отырып, кәсіби негізде өткізген жөн. Дәстүрлі рухани құндылықтар мен үздік халықаралық стандарттардың үйлесуі азаматтардың заңды мінез-құлқының канондарын жаңадан жасауға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде түйіну және қабылдау – қоғамымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің негізі.

Ержан ЫБЫРАЙЫМОВ,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы



Білім беру

Биыл қаламыздағы орта мектептерді 756 он бірінші сынып оқушысы бітіргелі отыр, оның жартысынан көбі, яғни 453-і Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағынан өтуге шешім еткен еді. Өткен аптада қаламыздағы ҚарМУ-да түлектердің алғашқы байқау тестілеуі өтті.

– Биылғы Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағында ерекше өзгерістер жоқтың қасы, сынақ алда болатын байқауға барынша ұқсас болсын деген ниетпен сол дәрісханаларда өтізіп отырмыз. Бұл енді жағдайға барынша бейімделуге, балалардың өз білімдерін неғұрлым көрсете алуына жағдай жасайды. 2014-2015 оқу жылындағы тестілеу сұрақтары 21 200 тапсырмамен толықтырылған. Оның үш мыңдайы логиканы тексеруге арналған, – деп түсіндірді тестілеу пунктінің жетекшісі Қайрош Ноғашев.


Сынақ мемлекеттік емтиханның барлық белгіленген тәртіптерін сақтау жағдайында өтті. Оқушыларға мемлекеттік

комиссия үшін жауаптар және апелляция үшін жауаптар қағаздары тапсырылды. Сонымен қоса әрбір түлек осындай тестілеуден кейін өздерімен бірге тапсырмалар жиынтығын да алды. Бұл енді мектептерде мұғалімдермен бірге өздері жіберген қателерді сараптап білу және түзету жұмыстарын жүргізу үшін қажет. Сонымен сынақтағы орташа балл 76,69 болды, бұл өткен жылғы көрсеткіштен төмен. Былтыр теміртаулық түлектер 82 балл алып, облыс бойынша ең үздік көрсеткішке қол жеткізген еді. Әрине, әлі де уақыт бар, сондықтан олардың өз білімдерін әлі де ұштай түсетініне сенуге болады.

Алғашқы сынақ 61 түлектің іргелік деңгейге жете алмағанын көрсетті, 384 оқушы 50 және одан жоғары балл жинады. Ал 100 және одан көп балға ие болған түлектер саны 56 адам. Ең көбі 121 балл №1 гимназия түлегі Никита Жұмабаевтың үлесінде. «Алтын белгі» бесіншіден он бірінші сыныпқа дейін үздік оқыған түлектерге ғана беріледі. Биыл ондай үздік оқушылардың саны 22, бірақ алғашқы тестілеу

сынағында 8 оқушы ғана дәлелдей алды. Сондай-ақ төрт үміткердің үшеуі үздік аттестат белгісіне лайықты екендіктерін дәлелдеді. Біздің қалада ҰБТ-ның қай күні өтетіні әзірге нақтыланған жоқ. Биылғы тестілеудің ерекшелігі оның қорытындысы бойынша мектептердің рейтингі жасалады. Сондай-ақ биыл Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарына түсетін іргелік деңгей орыс мектептері үшін қазақ тілін, ал қазақ мектептері үшін орыс тілін есептемегенде 50 балл болып отыр. Медицина мамандықтарына 55, ұлттық жоғарғы оқу орындарына 70 балл деңгейінде белгіленді.

Өз тілшімізден



Қымыздың құрамындағы «С» дәрумені сиыр сүтімен салыстырғанда он есе көп.

Жылқы малының төрт түлік ішінде текті екендігін бұған дейін де айтқанбыз. Жануар судың тұнығын ішіп, шөптің асылын теріп жейтінін қайтерсіз?!

Аурудан асқан жан бар ма,
Жылқыдан асқан мал бар ма?!
Биенің сүті сары бал,
Қымыздан асқан дәм бар ма?!

— дейді Ақтамберді жырау. Расында да, қазақ үшін қымыз-мәртебе, мінез-құлық, сый-құрмет. Бірақ тоқырау заманында құнды суынымыздан қол үзіп қалғанымыз бар. Ес жиып, еңсе көтергелі ата кәсіп бие сауып, қымыз баптауды қайта қолға алдық. Байыпты сусынды баптаудың ежелгі әдісін бүгінгі ұрпақ қайта жаңғыртып-ақ жүр. Бірақ соңғы кездері ауымызға



Біле жүріңіз

Қымыздың құрамындағы «С» дәрумені сиыр сүтімен салыстырғанда он есе көп. Жақында ғалымдар тағы бір жаңалық ашты. Төрт түліктің ішінде биенің сүті ғана альбуминдік (сүттің ерекше түрі) қасиетке ие екен. Демек, бие сүті ананың сүтімен пара-пар деген сөз. Бие сүтінде кездесетін ақуыздар, майлар, көмірсутегілері басқа сүтке қарағанда ерекше болып келеді. Бұл – бие сүтіндегі ғылыми дәлелденген қасиеттердің бір парасы ғана. Ал оның зерттелмеген, ашылмаған тұстары қаншама.

жиі алатын Еуропа елдері бал қымыздың бар құпиясын біліп



алған. Көл-көсір пайдасына кенеліп, салауатты өмірдің сырына айналдырды.

Немістердің қымызды бөтелке-кепеп сатып, дүкен сөрелеріне толтырып тастайтынын естіп жүрміз. Германияда қымызға деген сұраныс жоғары, өндірісі де жақсы дамыған. Кәсіпті нәсіп еткеннің көсегесі көгеріп, қазынасы артып отыр. Ал Қазақстан қымыз өндірісі бойынша әлі де тұралап келеді. Ғылыми

тұжырым керек, кәсіби маман керек деп, керек-жарақтың бәрін түгендеп жүріп-ақ, көп нәрседен құр қалып жүрміз. Бәлкім бұл салада да стратегиялық жоспарлар

айтқанбыз

Қымыз адам денсаулығына ғана пайдалы дей алмайсыз. Түрлі дертке шалдыққан малдарға да жылқының сүтін беріп жазуға бо-

Ертеден келе жатқан емдік қасиеті жоғары дәрі

косыңыз.

3. Судың үштен бірі буланғанша, қоспаны қайната беріңіз.

4. Қоспаның салқындағанын күтіңіз.

5. Содан кейін бал араластырып, лимон шырынын косуды ұмытпаңыз.

6. Бәрі дайын болған соң қоспаны түнге қалдырып, ертесіне шыны ыдысқа құйып ішіңіз.

Бұл дәрінің тамақ ішер алдында міндетті түрде 1 қасығын ішуіңіз керек. Сонда жоғарыда айтылған жөтел ауруларының алдын аласыз.

Ем болсын!



Қазіргі таңда астма, бронхит секілді жөтел ауруларына шалдыққан адамдардың саны күн санап көбейіп келе жатыр. Оған ағзаның тітіркенуі және темекінің тым көп шегуі себепші болуы мүмкін. Алайда бағзы заманнан бұл дертке дауа болатын емнің бар екені бәрімізге белгілі. Бүгін біз соны назарларыңызға ұсынғымыз келіп отыр.

Ингредиенттер:

♣ 1-2 кг қызыл немесе күлгін жуа;

♣ 1-2 кг қант;

♣ 2 лимон;

♣ 1,5 литр су;

♣ 7 ас қасық бал.

Дайындау жолы:

1. Қантты металл ыдысқа салып қыздырып, араластырыңыз.

2. Жуаны кішкентай бөліктерге бөліп, қантқа салыңыз. Содан соң шамалы қуырып алып, су

МЕНШІК ИЕСІ:
«Құрыш қала KZ» газетінің
редакциясы» ЖШС
Құрылтайшысы әрі директоры
Т. СМАҒҰЛОВ

Бас редактор **Руза АЛДАШЕВА**
Техникалық редактор:
Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ

Газетті есепке қою туралы № 15007-Г куәлікті 2014 жылғы 18 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттік берген.

Газет айына төрт рет шығады

Тапсырыс 19

Тиражы 1000 дана.

Форматы А-3.

Көлемі 3 баспа табақ.

Оффсетті басылым:

Газет «Құрыш қала KZ» газеті редакциясында теріліп, беттелді.

Газет «Арқо» ЖШС баспаханасынан басылды.

(Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15 үй). Индекс 64023

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Редакция мекен-жайы: Теміртау қаласы, Блюхер көшесі, 13 үй, 237 кабинет.

Телефон: 8 (7213) 44-76-62. Телефон/факс: 8 (7213) 98-16-11 Электронды поштамыз:

khurysh_khala_KZ@mail.ru

түзіп, аты дардай бағдарламалар тізіміне ендіру керек шығар. Оны болашақтың еншісіне қалдыралық. Енді қымыздың қадір-қасиетіне тоқталсақ.

Қымыздың құрамында жыныс гармондарына жақсы әсер ететін ферменттер бар. Бұл әйелдерді бедеуліктен, ерлерді белсіздіктен қорғайды. Қуаттандырады. Құрт ауруларының алдын алады, ауырған адамның қайта қалпына келуіне жақсы ықпал етеді. Саумал қымызды ем ретінде буын ауруларына ішсе тіпті пайдалы. Салданудың алдын алады. Жаңа босанған келіншектің сүтін молайтып, нәрлі етеді. Демек, емізуді балаға да пайдасы орасан. Ашыған қымыз шөлді басып, қантамырды қордаланған зиянды қалдықтардан тазартады. Іш қатудың алдын алады. Ашығудан кейін қымыз ішу буын ауруларына өте пайдалы.

Адам денесінің күш-қуатын арттырады, бүйрек пен бауырды қанықтырады, қан тамырларын тазалайды. Буын аурулары мен сүйектің қақсауын, жүйкенің жұқаруын, бас айналуын, созылмалы сары ауру (гепатит), ұйқысыздық, ішектегі жара (гастрит) сияқты аурулардың алдын алады немесе жеңілдетеді. Қымыз адамның физикалық жағдайын жақсартады, төбетін ашады, ас қорытуды жақсартады. Қымыз құрамында 28 түрлі микроэлементтер, көптеген дәрумендер бар. Бұл элементтер бие құнарлы жерге жайылған сайын арта түсетіні бар. Бие басынан күніне орта есеппен 10-12 литр сүт алуға болады. Кей биелер 15-17 литрге дейін сүт береді екен.

Тағы бір ерекшелігі саумал биелерді 8 ай саууға болады, сонда бие басынан 1500-2000 литрге дейін сүт алынады. “Сауын саусаң бие сау, боз қырау түспей суалмас” деген мақал тегін айтылмаса керек. Күтімі келіскен бие тіпті бір жылға дейін сүт береді екен.

Дәрігерлер қымызды безгек ауруына және жөтелге қарсы ішуге ұсыныс жасайды. Қымызбен емделгенде қан құрамындағы гемоглобин эритроцит көбейеді. Тамырдың соғуы жиілеп, қан айналымы жылдамдайды. Қан тамыры жұмысы мен жүрек соғысы жақсарайды.

Жылқы малының төрт түлік ішінде текті екендігін бұған дейін де

латын көрінеді. Мұны мал дәрігері мамандығында оқыған бауырымнан естідім. Оның айтуы бойынша, қымызды бұзаулардың, балапандар мен тауықтардың ащы ішегінде қабыну белгілері байқалғанда, ірі қара малдың асқазаны әлсірегенде, тауық балапандарына А және В дәрумендері жетіспегенде, сауын сиырлардың іріңді желінсау (мастит) ауруына ем ретінде қолдануға болады екен.

Кез келген сүттегі ең бағалы зат – ақуыз. Бие сүтінде ол 1,8 – 2 % болады. Қымызда шамамен 1,3 – 2,0% май бар, бұл сиыр сүтіндегіден 2 есе кем. Бұл дегеніңіз, адам ағзасына аса зиянын тигізетін холестерин мөлшері аз, тіпті жоқ деуге болады. Бірақ, сусынды мөлшерімен ішу керек. Тым көп ішкен жағдайда пайдалы ферменттер мен дәрумендер бір-бірімен теріс байланыс орнатып, адамның әлсіреуі мен естен адасуына алып келеді. Аса зиян деп қарастырылмағанымен, өз мөлшерімен ішкен дұрыс.

Сауылатын биелер негізі сақа бие, құлын бие, қыран бие деп үшке бөледі. Сақа бие – бірнеше рет құлындаған, бұрыннан сауылып келген бие. Құлын бие – құнажын немесе денен жасында алғаш құлындаған бие. Қыран бие – деп өткен жылы кейбір себептермен қысыр қалған, құлын орнына тайы еміп жүрген биелерді айтады. Биыл құлындағанмен тайы еміп жүргендіктен ондай биелер, күтімі жарасса, сауыла береді. Бәрінің сүті құнарлы, емдік қасиеттері бір, – дейді телебилік қымыз баптаушы Нұрмахан Есенбеков. Қай биенің сүтін алсаңыз да қасиетке толы.

Ғалымжан Халмұратұлы, Сайрам аудандық туберкулезге қарсы диспансерінің бас дәрігері

— Қымызды өкпе ауруларына тағайындайтынымыз бар. Әсіресе құрт ауруларына таптырмас ем. Құрамы күрделі, әсері мол дәрілердің тез сіңуін қамтамасыз етеді. Имунитетті де күшейтеді. Медикоментозды ем 6 ай болып есептелсе, дәрілерді қымызбен қоса пайдалану әлдеқайда тиімдірек болады. Бұл дәлелденген терапия. Сондықтан тек ауырған кезде ғана емес, күнделікті профилактика үшін де қымызды ішіп жүруге кеңес береміз.

(Ғаламтордан алынды)